Бүгінгі таңда әлемдік сахнада Қазақстандық вокалисттер көрермендердің шынайы ықыласы мен махаббатына бөленіп келеді. Мұндай жетістікке Қазақстандық кәсіби вокал мектебінің негізін қалаушылар Н.Ф. Нагулин, А.М. Курганов, Н.К. Кулина, Н.Н. Самышева, М.Н. Худовердова, Е.И. Владимирова, А. Байқадамовалардың ұзақ жылдар бойындағы жасаған қажырлы еңбек етуімен табандылығының арқасында келді.

Бірінші кезең 1932-1944 жылдар аралығы. Ең алғаш кәсіби ән салу түсінігі 1932 жылы Қазақ музыка-драмалық техникумының (қазіргі П.И.Чайковский атындағы музыка колледжі Алматы қ.) байланысты. Вокалды-педагогикалық мектептің негізін қалаушылар: А. Мизонов, Ф. Маршад, И. Воробьева, А. Гуцеловская, Н. Самышина, Н. Нагулиналар болды.

1933 жылы 29 қыркүйекте Алматыда Қазақтың АКСР Халық ағарту Комиссариаты алқасының шешімімен елу актерден, симфониялық оркестрдің жиырма музыкантынан және ұлттық оркестрдің он екі адамынан құрылған музыкалық студия ашылды. 1934 жылы музыка студиясы Қазақ мемлекеттік музыка театры болып жасақталды, сол жылы 13 қаңтарда М. Әуезовтың либреттосына жазылған «Айман-Шолпан» (режиссер Ж. Шанин мен Қ. Жандарбеков, музыкасы И.В. Коцык) пьесасының желісімен алғашқы спектакль қойылды. Халық ағарту Комиссариаты шешіміне сәйкес алғашқы «...қазақтың музыкалық опера және балет театры» ашылу құрметіне 1934 жылы 13 қаңтарда көпшілік алдында бірінші рет М.О.Әуезовтың пьесасы бойынша музыкалық студияның күшімен «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясы орындалды.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндіктері. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі бірінші онкүндігі 1936 жылы 17-27 мамыр аралығында Мәскеу қаласында өтті. Онкүндік қазақ әдебиеті мен өнерін әлемдік деңгейге және барлық рухани қуаты мен болмысын танытқан тарихи оқиға болды.

Екінші кезең 1944-1958 жылдар аралығы. 1944 жылдың 1-ші қазанында Мәскеу және Ленинград консерваториясының үлгісі бойынша Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясы ашылды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматыға Мәскеуден көрнекті өнер қайраткерлері эвакуацияланды. Вокал кафедрасының бірінші ұстаздық құрамында А.М.Курганов, С.С.Коробов, А.В. Гуцаловская, А.К. Мизонов болды. Алғашында орыс вокал мәдениетінің призмасы арқылы Еуропаның мәдени дәстүрін сіңіре отырып, алдыңғы негізін қалаушылардың дәстүрін жалғастыра отырып, қазақ кәсіби вокал мектебінің негізі қаланды.

Бұл кезең екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында тұспа-тұс келді. Сол жылдары кәсіби оқу орнының тұңғыш білім алушылары үлкен сенімділікпен қайрат-жігерлерімен бар күшін салып, Отан үшін арпалысып жатқан жауынгерлерге рух сыйлап, рухани жағынан қолдау білдірді. Олардың қатарында К. Байсейтова, К. Кенжетаев, Ш. Бейсекова, Б. Досымжанов, Е. Серкебаев, Б. Төлегенова, Р. Бағлановалар болды.

Үшінші кезең 1958-1990 жылдар аралығы. 1958-1990 жылдары – Абай атындағы опера және балет театрының репертуарының кеңеюі әлемдік классиканы қарқынды игеруге ықпалын тигізді. 1958 жылы 12–21 желтоқсан күндері Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі екіншіонкүндігі өтті. Бұл онкүндікте қазақ әдебиеті мен мәдениетінің әлемдік деңгейде көтерілгендігінің дәлелі болды. Оған Қазақстанның жетекші өнер шаңырақтары мен мәдениет, ғылым қайраткерлері қатысты. Мәскеу қаласының әртүрлі театрларының сахнасында, Абай атындағы академиялық опера және балет театры М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» (либреттосы Қ. Жұмалиевтікі), А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» (либреттосы М. Әуезовтікі) операларының жоғарғы деңгейде қойылып, солисттердің орындау шеберлігіне сыншылардың оң баға беруі бастапқы кезеңге қарағанда кәсіби ән салу деңгейінің өскендігін айқындайды. Кафедраның алғашқы түлектері Б.Б. Жылысбаев, Е.С. Серкебаев, Б.А. Төлегенова, Р.Ұ. Жаманова, Н.А. Шарипова, Н.Д. Юмашева, К.К. Кенжетаев, К.И. Бобошқолар, М.Х. Мусабаев, Н.Н. Каражігітов, А.Б. Байқадамовалар театр сахнасында ән салып қана қоймай ұстаздық қызметке келді.

Төртінші кезең 1990 жылдан қазіргі кезеңге дейін. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бастап көптеген өнер ошақтары және білім ордалары ашылды. Опера өнері, кәсіби музыка деңгейі көтерілді. Тұңғыш Елбасының қолдауымен 1998 жылы Қазақ ұлттық өнер академиясы, 2000 жылдың қаңтарында Күләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры, 2008 жылы 8 қарашада Шымкент облыстық опера және балет театрының, 2013 жылдың 21 маусымында «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театрының ашылуы соның дәлелі. Қазақ ұлттық өнер академиясынан және Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясынан көптеген таланттар түлеп ұшып қазіргі таңда отандық және шет ел опера театрларында ән салып қана қоймай, сонымен қатар біршамасы ұстаздық қызметті де бірге алып жүр. Мысалы Ә. Дінішев, Н. Үсенбаева, М. Мұхамедқызы, Т. Күзембаев, А. Желтыргөзов, А. Ниязова, С. Байғожин, С. Ахметова, С. Тасбергенова, А. Капонова, Б. Жанұзақ, Ж. Жарқымбаева, Ж. Габдулина, Д. Хамзина, Т. Мұсабаев, М. Чотабаев, Б. Жұбаева, Д. Дютмаганбетова, Д. Кабыкеева және т.б.

1932 жылы Қазақ музыка-драмалық техникумының (қазіргі П.И. Чайковский атындағы музыка колледжі Алматы қ.) және 1944 жылы Мәскеу және Ленинград консерваториясының үлгісі бойынша Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының ашылуы қазақ жеріндегі академиялық ән салу мектебінің қалануына, кәсіби тұрғыда ұстаз-шәкірт жүйесінің және ән салу мектебінің пайда болуына негіз болды. Кеңес үкіметі тұсында әлемдік опера деңгейінде көтерілген, Қазақстан жерінде қазақ операсының негізін салып, әлемдік деңгейге көтерілуіне мұрындық болған А. Кургановтың есімі ұлттық опера өнерімізде алтын әріппен жазылып қалды. Курганов Қазақ опера театрының бастауында тұрды. Анжелло Мазини мен Леонид Собиновтан кейінгі әлемнің үшінші теноры болып есептелген А. Кургановтың дауысы тоғыз театр маусымы бойы шырқалды.

Сахнада бір адамның бүкіл ғұмырын бір жарым, екі сағаттың ішінде бейнелеу, жай бейнелеп қана емес, оны партитураларын, партияларын нақышына келтіріп орындау вокалист үшін оңай соқпайтыны рас. Бүгінгі қазақ опера шеберлігі мәдениетінің көркемдік биігіне өлшем болатын А. Курганов өнері болатын. Ол өзінің дархан дарыны, өзіне ғана тән орындаушылық ерекшелігімен, көркем эстетикалық, талғамымен дараланған түпсіз қиялдың, шынайы шабыттың, терең ойдың орындаушысы еді. Вокалист шеберлігінің мұндай жан-жақты қалыптасуы-опера ғана емес, жалпы, музыка өнерінде сирек кездесетін құбылыс.

А. Курганов эрудициясына кең суреткер, әсіресе, «Риголетто» операсындағы Герцог Курганов жасаған философиялық бейнесі операда көп кездесе бермейтін құбылыс. Ол қандай партияны орындаса да, ой мен музыка тұтастығын таба білді, кейіпкерінің бойына өзінше жан бітіруге тырысты. Ол театрда орындаған партияларында кейіпкердің іші сезімін тап басуды тереңдетуді басты идеялық-көркемдік мазмұнын ашуды алғашқы орынға қойып, басты мәселе ретінде қарастырған.

А. Курганов өзінің педагогтықтық жолында студент-вокалисттің үнемі ізденіс үстінде болуын, өзіне жоғары талап қою керектігін, мамандықтанда өзгеде кәсіби тұрғыда қалыптасуда әншіге маңызды теория, жалпы фортепиано әсіресе музыкант-орындаушыға аса қажет деп сольфеджиоға көңіл бөлген [2].

Осындай үлкен кәсіби маманнан орындаушылықтың қырларын игерген шәкірт кәсіби әнші болмауы мүмкін емес. Солардың қатарында К. Кенжетаев, Э. Епанешникова, Е. Серкебаев, Р. Жаманова сынды қазақ опера өнер көгінде жарқыраған жарық жұлдыздар еді. Солардың бірі Роза Үмбетқызы Жаманова. Әрдайым ізденісті жақсы көретін Роза Жаманова ұлттық опера театр сахнасындағы Назугум, Қамар сұлу, Айсұлу, Жібек, Ақжүніс, Бану, Ажар, Чио-Чио-сан сынды орындаған партиялары театр тарихында сақтаулы. Роза Жаманованың педагогикалық қырының ерекшеліктерімен, ұстаздың шәкірттеріне деген талаптарын Р. Үмбетқызының тәлімгерлерінің естеліктерінен байқауға болады. Оған дәлел Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының ұстазы ҚР еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы қазақ Мемлекеттік академиялық Опера және балет театрының солисті Балапан Жұбаева өзінің КСРО Халық әртісі, профессор Роза Жаманованың туғанына – 90 жылдығына арналған дөңгелек үстелінің мақаласында ұстазының әрдайым шәкірттеріне өнерге деген адалдықпен көрерменнің жүрегіне жеткізіп орындау керектігін айтып отыратындығын атап өткен. Өз жаттығуларында үнемі студенттің техникалық жағынан диапозоны кең болуды, орындау барысында тыныс жолдарының ашылуын, үйретіп отыратын деп есіне алады. Сабак басында дауыс аппараты мен оның функциялары: дем алуды, артикуляцияны дұрыс айтуды қадағалайтын. Дауыс интонациясының тазалығына көп мән беретін. Роза Үмбетқызы мұғалімі Александр Матвеевичтің К.С. Станиславскийдің сөзі «Музыка және драмалық әртістіктің бұзылмайтын бірлігі қажеттілігі туралы сөздерін қалай үйреткенін жиі еске алды. Әр шәкірттен өзінің даралығын тану бұл - ұлы іс» - дейді Роза Үмбетқызы Жаманова [3]. Орал қаласының музыка мектебінде алғашқы дағдыларын меңгерген Лещенко, Горский, К. Булдыченко болды. Сол Орал қаласын-

дағы мектеп-интернаттан, музыкалық колледждегі, одан бергі консерватория қабырғасындағы бірегей ұстаз – А. Кургановтан алған тәлім – тәрбиесін өзінің қырыққа жуық педагогикалық қызметінде шәкірттерінің бойына дарытты.

Роза Үмбетқызы өзінің қырық жылға таяу ұстаздық қызметінде сыныбынан 36 шәкірт, оның ішінде республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаттары, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларындағы, алыс жақын шет елдерде Ресей, АҚШ, Греция, Ұлыбритания, Қытай, Моңғолия мемлекеттерінің филармония және опера театрларының солисттерімен республика аумағындағы оқу орындарында қазіргі кезде ұстаздық қызмет етіп жүрген Б. Жұбаева, Д. Дютмагамбетова, А. Часовитина, Р. Рамазанова, Т. Абдулина, И. Тарасова, И. Мкртичева, Т. Дорж, Р. Құсайынова, Н. Конюхова, Д. Кабыкеевалар сынды үздік шәкірттерді тәрбиеледі.

Роза Үмбетқызы сабақ басында вокалдық тірекке, артикуляциялық аппарат әдемі дыбысты шығару үшін еркін, дұрыс жағдайда тұрған дене жағдайына назар аударды. Оның пікірінше, дұрыс дайындық жұмыстары саналы түрде өтуі тиіс. Мысалы: ауыздың табиғи ашылуы, жұмсақ иек, шынтақ, дыбыстың дөңгелектігі, тыныс алу және т.б. - барлығы бір-бірімен өзара әрекеттесіп жұмыс істеуі керек. «Егер олардың біреуі дұрыс жұмыс істемесе – дыбыс сапасы жоғалады. Ән айту кезінде сенің дауыстық аппаратың қалай жұмыс істейтінін бақылап, бұлшықет координациясын есте сақта» - дейді Роза Үмбетқызы [3].

Роза Жаманованың ұстаздығы туралы: «Өмірін өнерге арнаған опера әншісі, профессор, КСРО халық артисі Роза Үмбетқызы Жаманова беделді ұстаздардың бірі болды. Ол кісінің сыныбында үнемі шығармашылық аура сезіліп тұратын. Әрдайым есік сыртында «Сабақ Өтіп Жатыр, Кіруге болмайды» деген жазу тұратын. Ол кісі ұстаз ретінде таза, шынайы және қарапайым болатын. Орындайтын шығармаларымызды мұқият тындап, бағасын беретін. Біздің зейінімізді ашуға бар күш-жігерін салатын»-деп Балапан Жұбаева өз сөзінде айтып өткен [4]. Осы деректен біз Роза Үмбетқызының өзінің жұмысына деген адалдығын, шын ықыласын байқаймыз. «Ұстазсыз дүние бос елес»-дегендей бүгінде ұлағатты ұстаздың көптеген шәкірттері өнер саласында және ұстаздық еңбек етіп жүр. Өмірінде өнерін шын сүйіп, қарапайымдылықты арқау еткен өнер иесі. Әрдайым шәкірттерінің әрқайсысының бойындағы талантын ұштауға барын салатын. «Шәкіртсіз ұстаз пұл» дегендей, Роза Үмбетқызының өнегелі жолы талайға үлгі [4].

Қазақ кәсіби ән салу мектебінің тарихында Александр Матвеевич Курганов және оның ізін жалғастырушы Роза Үмбетқызы Жаманованың алар орны ерекше болып қалады. Өз шәкірттерінің бойына тиянақты білімді сіңіріп, таланттарының ашылуына ықпал еткен, шығармашылық қиялын қозғап, сезімдерін оятып, еріксіз еліктіріп әкететін құдіретке ие екі ұстаздың шығармашылық-педагогтық қызметі болашақ вокалист-педагогтарға үлгі болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. -Алматы: Aruna Ltd, 2005.- 656 Б.

2. Курганов А. О самостоятельной работе студентов-вокалистов // Работы вокального факультета. Рукопись. Алма-Ата.
3. Смайлова Т.А. Р.Жаманованың өмірі мен шығармашылығы // Дөңгелек үстелінің мақалалар жинағы. - Алматы: Қазақ ұлттық консерваториясы, 2018.- 104 Б.
4. Мукадес Н. Просьба не отвлекать. Работает Джаманова // Караван.-2006. - №15(831).

ДОМБЫРАШЫЛАР ҰСТАЗЫ – ҚҰБЫШ МҰХИТОВ

Тобжанов А.Ж.,

І курс магистранты, мамандығы «Дәстүрлі музыкалық өнер»

Қазақ ұлттық өнер университеті

Ғылыми жетекші – Альпеисова Г.Т.,

өнертану ғылымдарының кандидаты, ҚазҰӨУ профессоры

Сан ғасырлар бойы заманның талай сынақтарын бастан кешірсе де, қазақ халқының еңсесін елден ерекше самғатып, биікте ұстап тұрған құдырет – оның төл өнері. Және оны басқа халықтардан ерекшелендіріп тұратын нәрсе, өзінің төлтума ұлттық музыкасының болуы. Қазақ халқы атадан балаға мұра болып жеткен осы қазынасын қадірлеп, көзінің қарашығындай сақтап, бүгінде қымбат қазынаға айналдырды. Сонау 1930 жылдары дархан далада асқары аспанмен астасқан, тереңдігі тұңғиық, көкжиегіне көз жетпес қазақ өнерінің дүлдүлдері Алматы шахарына жан-жақтан арнайы шақыртыла бастады. Бұл Қазақстанда өнердің ерекше, жаңаша қарыштай қадам аттаған кезеңі еді. Біздер қазақтың домбырасы мен қобыз өнерінің профессионалдық деңгейге көтеріліп, күйшілік – орындаушылық дәстүріміздің кейінгі ұрпаққа жалғасуын сөз еткенімізде ең бірінші академик А.Қ. Жұбановтың есімі үлкен ілтипатпен аталатындығы баршамызға аян.

Ал Жұбанов А.Қ. мектебінен тәлім-тәрбие алып, Ақаң салған өнер жолын дәйектілікпен дәстүрлі түрде жалғастыра білген шәкірттері, өнер қайраткерлері Н. Тілендиев, Ш. Қажғалиев, Х. Тастанов, Ф. Балгаева, Ф. Мансуров, Б. Сарыбаев тағы басқалардың есімдерімен қатар Қ.Ә. Мұхитовтың есімі құрметпен аталатындығы домбыра мен күйшілік өнерді қастерлей білетін қауымға белгілі екені хақ. Олай дейтініміз Мұхитов Қ.Ә. қырық жылдан бері Жұбанов А.Қ. негізін қалаған алғашында бөлімше, содан соң кафедра, кейін өз алдына «факультет» болып, шаңырақ көтерген халық аспаптар факультетінің домбыра кафедрасында өзінің тұңғыш өнер жолын, еңбек жолын, ұстаздық қызметімен бастаған болатын. Осы жылдардың ішінде домбырашылық өнердің дамуына, күйшілік-орындаушылық дәстүрдің қалыптасуына айтарлықтай үлес қосып келе жатқан қадірлі ұстаздардың біріне айналды.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» - дегендей Құбыш Әшімұлы өнері семьялы түрде ұрпақтан-ұрпаққа дәстүрлі жалғасқан халық композиторы, әнші Мұхит Мералиевтің (1841-1918 жж.) әулетінен тараған. Тума талант, аса шебер

орындаушылық қабілет табиғаттан беріледі. Осындай табиғи ұлы дарын иесі Мұхит бабамыз, өзінің «ән» мұрасының қайталанбас әншілік-орындаушылық мектебін жасады. Қаншама орындаушы шәкірттерін соңына қалдырды. Өз шәкірттерінің арқасында Мұхиттың ән мұрасы біздің заманымызға да жетті. Сол шәкірттерінің бірі атақты әнші Ғарифолла Құрманғалиевті кім білмейді? Мұхит бабамыз күміс көмей шәкірттерін қалдыруымен қатар, артына әнші-күйші өз ұрпақтарында қалдыра білді. Осындай ұрпақтарының басы, немересі атақты күйші Қазақстан халық артисі-марқұм Лұқпан Мұхитов болатын. Құбыш Мұхитов өз бабасы Мұхитты көрмеседі, домбырадан алғаш ұстазы болған, өз-ағасы домбырашы-күйші Лұқпанның аяулы алақанында болып, Батыс Қазақстанда сол кезде есімдері белгілі болған халық композиторлары Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап, Мәмен, Абыл, Тазбала, Қауен, Түркеш, Балабайсанның небір әсем сазды тәтті күйлерін есітіп, тыңдап, әрі тартып өсті. Бала Құбыш күйге, домбыраға еліктеп, қызыға бастаған кезде, күйші ағасы Лұқпан Мұхитовты 1934 жылы Алматыда өткен халық өнерпаздарының 1-ші слетіне шақырады. Осы орындаушылық талантымен көзге түскен Лұқпанды қазылар алқасы Алматыға қалдырады. Сол күннен бастап Лұқпан Мұхитов академик Жұбанов А.Қ. ұйымдастырғалы жатқан тұңғыш қазақ ұлт-аспаптар оркестрінің ірге тасын бірге қаласып осы оркестрде концертмейстірлік қызметте болады. Ендігі жерде Құбышқа домбыраны, күйді екінші ұстазы өз анасы Зейнеп Мұхитова үйретеді. Зейнеп Мұхитова 1935 жылы оркестрге шақырылып, 1955 жылға дейін домбырашы-орындаушылық қызмет атқарады.

Осындай өнерлі жанұядан шыққан Құбыш Әшімұлы өзінің өнер жолын 1943 жылы Құрманғазы атындағы оркестрде шәкірт домбырашы болудан бастайды. Оркестрде шәкірт баланың домбырадан ұстазы Қазақстан халық артисі, атақты күйші композитор Науша Бөкейханов болатын. Құбыш Әшімұлы оркестрде жұмыс істеп жүріп, оркестрдің бас дирижері Жұбанов А.Қ. нан жан-жақты музыкалық сауат ашып, орындаушылық қабілетін қалыптастырды. Сондықтанда Қ. Мұхитов өзінің өнер жолын бастаған алғашқы кезеңін еске алғанда, аса көрнекті қазақ музыка өнерінің қайраткері А.Қ. Жұбановтың қарамағында және ол басқарған әйгілі оркестрде істеген екі жылым «Менің өмір мектебім, өнер академиям» - деп орынды мақтан етеді.

Сол кезде еліміздің астанасы Алматыда 1944 жылы ашылған Қазақ Ұлттық Консерваториясы Құбыш Әшімұлының одан әрі музыкалық сауатын ашып, өнерін шыңдауға жол ашты. Осы Консерваторияға алғаш түсушілер, өнер қайраткерлері профессорлар Ш. Қажығалиев, Х. Тастанов, Б. Сарыбаев және Москва Консерваториясының профессоры, бүкіл әлемнің дирижері Ф. Мансуров, атақты қобызшы Ф. Балғабалармен қатар қабылданған болатын. Консерваторияда домбырадан Қазақстан халық артистері Қали Жантілеуов және Лұқпан Мұхитовтан дәріс алып, домбыраның алуан-түрлі орындаушылық сиқырлы сырларын үйрене білді. Консерваторияда оқумен қатар, әрі оркестрде жұмыс істей жүріп теориялық білімін практимен ұштастыра білген Қ. Мұхитов, сол кезден бастап қазақта бұрын-соңды кездеспеген бас-домбыра аспабын өз

бетінше тартып үйреніп, аспаптың ойнау ерекшеліктерін, дыбыс диапазонын, оның ұлттық музыкалық дыбыс бояуын т.б. музыкалық жақтарын зерттеумен шұғылданып жүреді.

Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың және Парасат орденінің иегері, профессор Шамғоң Қажығалиев мынадай лебіздерін білдірген: «Қазақ ССРінің Еңбек сіңірген қайраткері Қ.Ә. Мұхитов Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік Консерваториясының ең алғаш түлектерінің бірі болып, 1950 жылы домбыра-тенор және домбыра-бас аспаптары бойынша ұстаздық қызметке қалдырылды. Консерваторияны бітірмей жатып, 1943-1955 жылдары оркестр қатарында үнемі еңбек етіп, бас-домбырашылар тобын басқарды. Концертмейстер болып, осы уақыт ішінде бас-домбыра аспабын орындаушылық жағынан, аспапты жетілдіру жағынан үлкен үлес қосты. Осылайша бас-домбыра аспабын алғашқы орындаушысы ретінде қазақ халық музыкасына, оркестр құрамына нақты орнықтыра білді» [1, б.12].

Сондықтанда атақты дирижеріміз Ш. Қажығалиев, оркестр үшін Бас-домбыра аспабының атқаратын ролін айта келіп, бас домбыраның құрылысын жан жақты жетілдіріп, дамытқан, аса бағалы ғылыми жаңалықтар енгізген Қ. Мұхитовты «Бас домбыраның-әкесі» - деп орынды атаған еді. Расында бас-домбырадан республика көлемінде тұңғыш ұстаз болды. Әрі тұңғыш шәкірттер дайындаған Қ.Мұхитов болатын.

Кезінде академик Жұбанов А.Қ., – «Құбыш Әшімұлының концерттік орындаушылық, тенор домбыраның ойнау ерекшеліктерін теориялық-методикалық жағынан үнемі жетілдіріп келеді. Бұл еңбектері өзінің бастапқы маңызын жойған жоқ. Құбыш Әшімұлының аса талантты музыкант, адамгершілігі мол ұстаз, қазақ музыка мәселелері жөнінде мерзімді баспасөз беттерінде ой саларлық, ойланарлық тың мақалалар жазып ат салысып тұрады. Осындай талантты ұстаздан тәлім алған шәкірттері қазақ музыка мәдениетін халық арасына насихаттап дамытуда болсын, орындаушылық қабілеттерімен болсын көзге түсіп, танылып, халықтан жақсы бағасын алуда», - деп ағалық асыл сөзін айтқан болатын [2, 70 б.]. Бұл пікір Қ. Мұхитовтың жалпы творчествосына, ұстаздық қызметіне берілген ең әділ баға.

Қ. Мұхитов домбыра мен фортепианоға арналған ірі классикалық шығармаларды лайықтап түсіріп, домбыраның оқу хрестоматиясын жасады. Бұл еңбектері өнер баспасы арқылы жарық көріп, бүгінде музыка мектептерімен колледждердің, жоғарғы оқу орындары студенттерінің оқу бағдарламасына ене отырып, әлі де өзінің маңыздылығын жойған жоқ. Осы орайда Х. Тастанов өзінің «Дос туралы лебіз» деген мақаласында: «Құбекең өз шәкірттеріне қандайда бір классикалық шығармаларды, яки күйді үйретерде ойланып, толғанып береді. Олардың музыкалық тілін, ырғағын, әлеуметтік мағынасын, мәнін-мазмұнын барынша айқындап түсіндіреді. Әр шығарма авторларының шыққан орнын, орындаушыға қоятын талабын талдап, қағыстар ерекшеліктерін, орындау мәнері қандай, қайсы дәрежеде болатындығын кеңінен талдап, шәкірттерінің сол талапта болуларын сұрайды. Құбекең қазақ күйлерінің шебер интерпретаторы. Күй атасы Құрманғазыдан бастап Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап, Тоқа, Дина,

Абыл Баламайсан, Сүгір, Әшімтай күйлерінде үйретіп, шәкірттерінен әрбір күйдің өзіне тән мінез – құлқын беруді талап етеді. Бұл үлкен қасиет әрбір ұстазға үлгі – өнеге боларлық қасиет. Міне Құбекеңнің ұстаздық көп сырының бірі осында ғой», - деп жолдастық ыстық лебізін білдірген [1, 6 б.].

«Құбыш Әшімұлы – Күй үйретіп, ол күйлерді нотаға түсіріп хаттауда, түп-нұсқасын нақтауда, күй тарихын, күй мен домбыра сырын терең түсінетін республикамыздағы санаулы ғана мамандарымыздың бірі»-деген болатын марқұм Л.А. Хамиди [1, 5 б.].

Әрине күйді дұрыстап түсіндіріп үйрету, кез-келген домбырашының қолынан келмесе керек. Құбыш Әшімұлының көп жылғы ұстаздық лабораториясынан қаншама күйші-домбырашылар, орта-жоғары оқу орындарының ұстаздары, мәдениет-өнер қайраткерлері, композитор, музыка зерттеушілері түлеп шықты. Әшімұлынан бітіріп шыққан қарлығаш шәкірттерінің әттеген-ай дегізетіндері жоқ десекте болады. Республиканың қай түкпіріне бармасақта өнер-мәдениет салаларында, оқу орындарында абыройлы қызмет істеген шәкірттерін кездестіреміз. Атап айтсақ Қазақстан халық артисі, композитор, профессор К. Күмісбеков, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Б. Қарабалина, профессорлар Т. Мерғалиев, М. Қалауов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор А. Жайымов, Парасат орденінің иегері, профессор Қ. Ахмедияров, Қазақстан жастар одағы сыйлығының иегері Ш. Әбілтаев, профессор О. Дүйсен, тұңғыш бас-домбырашы, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Ғ. Смағұлов.

Құбыш Әшімұлы әйгілі Құрманғазы атындағы оркестріміздің құрамында бұрынғы одақ көлемі және көптеген шет елдерде концерттік сапарларда болды. Бүкіл одақ астанасы Мәскеуде өткен Қазақ өнері мен әдебиетінің 10 күндігіне 3 рет қатысты. Бухарест және Мәскеу қалаларында өткен жастар мен студенттердің бүкіл дүние жүзілік фестиваліне қатысып, Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптары оркестріміздің лауреат аталуына өзінің тікелей үлесін қосты.

Қ. Мұхитов оркестрдегі қарапайым домбырашыдан, бас-домбыра тобының концертмейстріне, қарапайым оқытушыдан Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Консерваториясының профессоры дәрежесіне дейін қол жеткізді. Өнер өрісіндегі ерең еңбегі үкімет тарапынан әр кез жоғары бағаланды. «Ерең еңбегі үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбекте өте жақсы жетістігі үшін», медальдарымен, «Құрмет белгісі» орденімен, Жоғары кеңес грамоталарымен марапатталды. Жоғары мектепте еңбегі сіңген қызметкер, профессор. Міне, қарапайым қағылез, салауатты да зерек, ұстаздық шыңындағы сүйікті ұстазымыз, ардақты Құбыш Әшімұлы Мұхитов биіктері келешек ұрпаққа үлгі боларлықтай екені сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сахарбаева К. Ұстаздардың ұстазы – Алматы, 2003. - 192 б.
2. Жұбанов А.Ж. Ғасырлар пернесі – Алматы, 2002. - 328 б.

КҮЙШІ ДӘУЛЕТБЕК СӘДУАҚАСҰЛЫНЫҢ АВТОРЛЫҚ КҮЙЛЕРІ

Жунусбекова Р.Б.,

2 курс магистранты, мамандығы «Дәстүрлі музыка өнері»

Қазақ ұлттық өнер университеті

Ғылыми жетекші – Малдыбаева Р.С.,

өнертану ғылымдарының кандидаты, ҚазҰӨУ профессоры

Орта жүздің ірі руларының бірі арғындардың негізгі бұқарасы Орталық Қазақстанда шоғырланған. Еліміздің орталық, шығыс, солтүстік аймақтарын алып жатқан өлкені қазақта «Арқа» деп атайды. Осы өңірде күйшіліктің үлкен дәстүрі қалыптасқан. Домбыра дәстүрінің дамуы ХІХ ғасырда өзінің шарықтау шыңына жетіп, мәдениетіміздің дәстүрінде көптеген кәсіби күйші – композиторлар, небір талантты құймақұлақ өнерпаздар қалыптасты. Олардың легін бастайтын Тәттімбет, Сайдалы Сары Тоқа, Дайрабай, Әшімтай, Итаяқ, Қыздарбек, Әбди, Сембек, Баубек, Әбікен, Мағауиялар. Бұл мақалада Қыздарбек күйші мұрасын жеткізуші Дәулетбек Сәдуақасов туралы және оның өз жанына шығарған «Толғау» атты күйі жайында сөз қозғалмақ.

Дәукең Қыздарбек күйшіден қалған асыл мұраны болашақ ұрпаққа жеткізуші болғандықтан, Қыздарбек күйші жөнінде бірер мағлұмат беруді жөн санадым.

Арқа өңірінің күйшілік мектебінің дарынды өкілі Қыздарбек Төребайұлы 1850 жылы Қарағанды облысының Шет ауданында дүниеге келген. Арғынның қаракесек руынан. Әкесі Төребай орта шаруа иесі болған. Арқа өңірінің күй атасы атанған қарт күйші Итаяқтан бата алған. Қыздарбек Арқа күйлерін көп білген, жүзден аса күй толғаған деседі. Оған Әбди, Сембек, Ақмолда, Мақаштар шәкірт болған. Дарынды күйшінің «Сылқым қыз», «Өткінші қосбасар», «Мұң қосбасар» атты күйлері бар.

Күйші шеберлігінің атап өтерлік бір қыры әсіресе, оң қолдағы тұтпа қағыстардың көркемдік мағынада кең қолданысқа ие болуы дер едік. Бұл домбыра күйлерінде сирек кездесетін жағдай. Қыздарбек күйлері дәстүрлі негізі мен әуезді саздары арқылы қазақ күй мұрасына қосылған айрықша құндылық ретінде зор көңіл аудартады [2, 16 б.].

Арқа өңірінің күйшілік мектебін қалыптастырған Тәттімбет күйлерінің негізі Әбікен Хасенов сақтап қалса, күйші Қыздарбек мектебінен қалған асыл мұраны бізге дейін аман – есен жеткізген Дәулетбек Сәдуақасұлы. Ол 1988 жылы аудандық «Ақсу-Аюлы» ән-би ансамблінің құрамында Алматыда өнер көрсетіп, көгілдір экран алдында тұңғыш рет Қыздарбектің «Өткінші», «Мұң қосбасарын» орындап, қазақ музыкасының алтын қорына жаздырады. Осы сапарында Қазақ радиосында болып, Тәттімбеттің «Көкейкестісін», «Саржайлауын», Тоқаның «Саржайлауын» таспаға жаздырады.

Арқа өңіріне кең тараған шертпе күйді насихаттауға зор үлес қосқан дәулескер күйші Дәулетбек Сәдуақасов 1935 жылдың 10 наурызында Қарағанды облысы, Шет ауданының «Жастерек» колхозында (қазіргі Қарақұдық) дүниеге келген. Әкесі

Сәдуақас ұлдан жалғыз болғанмен Мәлике, Мұштарай деген қыздар болыпты. Бірақ алмағайып заманда олардан көз жазып қалған екен. Дәулетбек Сәдуақасұлы домбыра тартуды Шырын деген әкесінің туыстарынан және Әбдіғали жездесінен үйренген. Шырын мен Әбікен Қыздарбектің тікелей өзінен күй үйренген тарландар болатын еді.

Жеті жасынан домбыраға әуестенген өнерпаз Әбікен Хасеновтың көзін көріп, күйлерін үйренген. Ауыл шаруашылығының әр саласында, партия, кеңес қызметтерінде жемісті еңбек етті. Шертпе күйді республика көлемінде насихат-таудағы алғашқы қадамдары 1988 жылдарда басталды.

Жезқазған облысында жыл сайын өткізілетін дәстүрлі «Байқоңыр дауысы» атты өнер фестиваліне бірнеше рет қатысып, шертпе күйдің кейінгі ұрпаққа жетуіне көп еңбек сіңірген. 1998 жылы Ақадырда Әбікен Хасеновтың туғанына 100 жыл толуына орай өткізілген республикалық күйшілер жарысы, 2000 жылы Қыздарбектің 150 жылдық мерейтойына орай аудан орталығында өткізілген шертпе күй шеберлерінің облыстық байқауы Арқадағы шертпе күй мектебінің әдемі дәстүр көрінісіндей болып көпшілік көңілінде қалды. Бұл өнер байқауларының екеуінде де бас жүлдені Дәулетбек күйші иеленді. Сол жылы республикалық «Қазақстан-1» телеарнасынан Қыздарбектің, Әбдидің, Сембектің күйлерін орындаған дәулескер күйшінің шеберлігін жұрт тамашалады.

Дәулетбек Сәдуақасұлының өзінен бұрын өткен өнерпаздардың бай мұра-сын кейінгі ұрпаққа жеткізуде талмай еңбек етті. 2005 жылы Мемлекеттік кешенді бағдарлама – «Мәңгілік сарын» атты өнер тарландарының басын қосқан жиынға барып таспаға бірталай күй жаздырып қайтты. Сол сапарында «Қазақтың 100 күйі» телебағдарламасына үш мәрте Қыздарбек, Әбди, Сембек, Тоқа сынды Арқаның айтулы күйшілерінің күйін орындап жаздырды.

2006 жылы облыстық телеарнаға жоғарыда аттары аталған өнер тарландарының күйлерін жаздырып, олар туралы өзі білетін мағлұматтарды кеңінен әңгімелеп берген. Алматы қаласы әкімдігі мен Қазақстан телерадиокорпорациясы ұйымдастырған «Күй-керуен» бағдарламасына қатысып, мұнда Әбдидің «Қосбасарын» орындады.

Дәулетбек Сәдуақасұлы шертпе күйдің шебері ғана емес, өзі де күй шығаратын сазгер. Оның «Аралбай баба», «Бірінші толғау», «Екінші толғау», «Қуаныш» атты күйлері бар.

Республикалық «Мәңгілік сарын», «Күй-керуен» байқауларына қатысып, республика жұртшылығына кеңінен танылған дәулескер күйшінің «ЕЛ продюсерлік орталығынан» «Арқа күйлері» атты күй табағы, осы орталықтан «Тел ағыс» фильмі түсіріліп, «Тел ағыс» «Хабар» телеарнасынан жарыққа шықты.

2008 жылы Дәулетбек Сәдуақасовтың тікелей басшылығымен Шет ауданының 80 жылдығы аясында республикалық «Күй керуен» байқауы Шет ауданының орталығы Ақсу – Аюлыда өтті.

Шертпе күйдің Арқадағы дәстүрлі мектебінің жалғастырушысы ретінде де елге танылған Дәукең арнайы класс ашып, балаларды домбыра тартуға баулып, шертпе күйден сабақ берген. Көптеген шәкірттер тәрбиелеп, өнер додасына қосқан

ұлағатты ұстаз. Өнердегі еңбегі орынды бағаланып, 2009 жылы шілде айында Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері атағы берілді. Бүгінде Дәукеңнің Ақжігіт атты немересі Қаз ҰӨУ-нің Дәстүрлі ән бөлімінің 2 курс студенті. Қайрат Байбосынов ағамыздың сыныбында тәлім алуда. Ақжігіттің өмірдегі және өнердегі болашағы жарқын болады деп кәміл сенеміз.

Дәукең кезінде талай додаға түскен палуан да болған. Талайды тізе бүктірген. Облыстық, аудандық жарыстарға үзбей қатысып, жеңімпаз танылған. Бірнеше медальдар мен грамоталардың иегері болды.

Ол жөнінде Саян Ақмолда өз мақаласында мынандай естеліктер айтады: – Домбыраны шешен сойлеткенде бөлек әсерге бөлейтін. Күй тарту стилі ешкімге ұқсамайтын, бітімі бөлек тұлға еді. Қолындағы домбырасы нағыз Арқаның шертпесіне арнап жасалған, үні құлаққа жағымды болатын. Бөтен аспаппен күй тартпайтын. Себебі, Дәукеңнің перне басуының өзі басқаша-тын. Бір қызығы, әр келген сайын бір күйді бірнеше мәрте түрлендіріп келетін. Нотаға байланбаған адам, көңіл-күйге қарай құбылтып отыратын. Қай нұсқасын алсаң да бірінен-бірі өтеді. Арқаның күйшілерінен ешкімді қайталамай, бөлек мектеп болып қалды [5,12 б.].

– Дәукеңнің ұйымдастырушылық қабілеті де мықты еді. 2008 жылы – Әбікен Хасеновті еске алу мерейтойын Шет ауданында дүркіретіп өткізуге мұрындық болды. Қасында бірге жүрдім. Әкімдермен тікелей сөйлесіп, мәселені шешіп шығатын. Сөзін өткізіп, қаржы бөлдіртетін. Басшылар тегіс тыңдаушы еді, ел ішінде абырой, беделі жоғарытын. Қазақтың өнері өлмесін деп талмай еңбек етті. Күйді насихаттау үшін жанын аяған жоқ. Алматыға қашан шақырсақ та бас тартпайтын...[5, 12 б.].

Жұбайы Бану Жүнісқызымен 50 жылдан аса отасып,Қайролла, Халел, Мейрам, Ербол, Ерлан, Әйгерім, Айгүл атты жеті бала тәрбиелеген ардақты ата-аналар. Дәукең қазақтың күй мәдениетінің алтын қорына көптеген белгісіз болып келген күйлерді алып келді. Қыздарбек, Сембек, Әбди күйлерін бүгінгі күнге жеткізіп, елдің рухани игілігіне айналуына елеулі еңбек сіңірді.Ұмытылуға шақ қалған Қыздарбектің күй мұрасын кейінгі ұрпаққа жалғады. Дәулетбек ақсақал Қыздарбектің, Сембектің күйлерін қазақ радиосының алтын қорына жазып, оны қалың жұртшылыққа насихаттау жолында көп еңбек етті. Қазақтың күй өнерінде өшпес із қалдырған майталман күйші Дәулетбек Сәдуақасұлының орындаушы-лық мәнері келешек ұрпаққа үлгі болары анық. Өзінің шығармашылық ғұмы-рында аянбай тер төккен азаматтың еңбегі ұрпақтарының жадында сақтаулы.

Енді күйшінің көкірегін күрсіндірген екі «Толғау»атты күйлеріне тоқ-талсақ.

1999 жылы қырық жасқа бір ай қалғанда талантты журналист баласы Халел көз жұмды. Артында Біржан мен Айзада атты балалары, жетпіске келіп қар-тайған әке-шешесі, бауырлары және көкірегі қарс айрылып жан жары Шәйзат қалды.

Күйшінің Халел және Ербол атты балаларының ғұмыры келте болды. Осы екі қаза Дәукеңді орасан түрде ойсыратады. Бұл жөнінде күйшінің баласы Қайролла былай деп жазады.

Халелдің қырқынан кейін кенет домбырасын алып, бұған дейін маған беймәлім бір сарынды тартты. Сәби дүниеге келгендей елең ете қалдым. Бұл әкейдің бірінші «Толғауы» – тын.

Арада бес – алты жыл өткенде Ербол бауырыма арналған екінші «Толғауы» дүниеге келді [6, 32 б.]

«Толғау» күйінің шығу тарихын Б.Ысқақов «Сарыарқа саздарында» бірқыдыра шолып қысқаша былай жазады: байырғы күймен толғау үрдісінің жаңа түрі. Күй тақырыбының шебер өрбіп, түрліше көркемдеуі автордың дәстүрлі шертпе күй өнеріне мейлінше қанық және оны таза меңгергендігін байқатады. Күйдің мұңлы сыры автордың ер жеткен ұлының аяқ астынан қайтыс болғандағы қайғысына байланысты туындаған екен [2, 431 б.]. Нотасы да осы кітаптан алынды. Алайда нешінші «Толғау» екенін нақты айта алмаймыз.

«Толғау» атты авторлық күйі арқа күйлерінің озық үлгісі деп санаймыз. Тональдігі – G-dur. Орташа, толғай орындалады. Ырғағы біркелкі жүреді. Басталысымен адамға ой салатын болмысы бөлек туынды екенін аңғартады. g-d дыбыстарымен басталады. Күй барысында мұңлы сарын қайта-қайта келіп отырады.

Мысал №1



Осы қайтарым (фраза) күйде төрт рет қайталанып келеді.

Күйдің орта тұсында мұңлы сарын вариациялық өзгеріп, дамып отырады. Күйдің табиғаты «Қосбасар» күйлеріне ұқсайды. Байсалды толғау басым.

Тағы бір аңғарған ерекшелігім – күйдегі қағысты тұтып қағу Қыздарбек күйшінің күйлерінде байқалатын ерекшелік Дәулетбек Сәдуақасов күйінде де көрініс тапқан.

Күйде белгілі әуен жүргеннен кейін, тұрақты дыбысқа (тоникаға) ауысу үшін, міндетті түрде ашық ішек қағылып тартылады. Бұл ерекшелікті осы аймақтың басқа күйшілерінің де шығармашылығынан кездестіруге болады. Орындаушы ретінде аса көркем туынды деп баға берер едім.

Бұл мақалада шертпе күйді насихаттаушы сирек таланттардың бірі, XX ғасырдың көрнекті өнерпазы күйші Дәулетбек Сәдуақасов жайында жаздық. Ол өскелең ұрпаққа Қыздарбек, Әбди, Сембек күйлерін бүгінгі күнге жеткізуші бірегей тұлға. Өз жанынан шығарған бірнеше күйлердің авторы. Оның орындаушылық, шығармашылық өнері қазақ күй қорына қосылған ерекше құнды мұра болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбуғазы М. Қазақтың домбыра өнері. – Алматы: «Нұрсәт» баспасы, 2016. – 480 б.

2. Ысқақов Б. Сарыарқа саздары. – Алматы, 2007. – 440 б.
3. Сәдуақасов Қ. Қос шекте бебеу қаққан беу-дүние. // Орталық Қазақстан. – 2010. - 30 қазан (№177-178).
4. Сәдуақасов Д. Шеркөкіректі шертпе күй // Қазақ әдебиеті. – 2008. - 5-11 қыркүйек (№36).
5. Ақмолда С. Арқадан жеткен аманат. // Егемен Қазақстан. – 2018. – 14 мамыр. (№87(29318)).
6. Садуақасов Қ. Күй-ғұмыр.– Қарағанды: «Гласир» баспасы, 2014. – 168 б.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭПИКАЛЫҚ МҰРАСЫН САҚТАУДАҒЫ ҚАЙРОЛЛА ИМАНҒАЛИЕВТИҢ ҮЛЕСІ

Оңталап Ф.М.,

2 курс магистранты, мамандығы «Дәстүрлі музыка өнері (Дәстүрлі жыр)»

Қазақ ұлттық өнер университеті

Ғылыми жетекші – Малдыбаева Р.С.,

өнертану ғылымдарының кандидаты, ҚазҰӨУ профессоры

Бір ғана қазақ емес, ноғай, татар, қарақалпақ, өзбек, башқұрт, өзге де бір-неше түркі халықтарына ортақ поэтикалық құндылығы өте жоғары туынды саналатын «Қырымның қырық батыры» деп аталатын дастандар циклы бар. Қырымның қырық батыры – эпостық жыр. Жырды үш циклге бөлуге болады. Көптеген батырлардың ерліктері суреттелгендіктен, қырық көптік ұғыммен байланысты. Әрі қырық жырдан құралған. Ең сюжеті жағынан қызықты әрі көлемді бөлімдерінің бірі – «Қарасай-Қази». Орта Азия мен Қазақстан халқының арасында «Қарасай-Қази» жырының толық нұсқасын жырлаған жыршылардың бірі – Қайролла Иманғалиев.

Қолда бар деректерге сүйенсек, Қайролла жырау 1907 жылы Ақтөбе облысының Ойыл ауданы, Саралжын совхозында дүниеге келген. 1990 жылы 7 тамызда қайтыс болды. Оның әкесі – Иманғали, анасы – Шолпан. Ауылында Әбіш молдадан арабша оқу-жазуды үйренген, сауатын ашқан.

Сөзге шешендігімен, тапқырлығымен Қазақстанның Батыс өңірін едерлі каты мәшһүр болған жүйрік, тұқымы түгел жыршы атанған Үкі жыраудың (XIX ғ.) шөбересі. Ұлты-қазақ, Әлімнің Кететар мағының сойы.

Қ.Сыдықов бағалы еңбектерінде былайша ой түйеді: «Қарақалпақстанның Ходжелі қаласында тұратын Қайролла жыршының мәліметіне қарағанда Үкі білетін батырлық жырлар баласы Бекбергенге ұласқан, оның үшұлы – Жаскілең, Бақы, Бітегендер үшеуі де, Жаскілең баласы Терлікбай да, Бақы баласы Мақует те жыршы атанған. Қайролла – Мақует жыраудың шәкірті». [1, 207 б.]. Бұлардың бәрі әкелі – балалы, ағалы-інілі аршынды саңлақтар. Қайролла Махмуд (Мақует) жыраудан 14 жасында бата алған.

Қазақтың дәстүрлі жыршылық мәнерініз басарларына дәріптеген тарихи тұлғалар. Н. Байғанин 17 жасында «Қобыланды» жырын Мақуеттен үйренгенін айтса, әйгілі Мұрын жырау отыздан асқан шағында Қазыбек, Қандыарал деген жерде, Бейімбет Әли ауылында Нұрыммен кездескенін, осы жиында Ақтан ақынды, Жаскілең, Бітеген жырауларды көзі көргенін жария етеді [1, 214 б.].

Бұдан, Үкіден ұласқан жыршылық өнердің, Бекберген де, Бақы да, Бітеген де, берідегі Терлікбай, Мақует те белді мүшесі болғанына ғарамыз. Терлікбай баласы болса, Мақует інісі. Сонда шежірелік тарауда: Әлім Үкі, одан Бекберген, одан Жаскілең, одан Терлікбай болып келеді. Бабасынан бойына сіңген, қанында бар қасиетті дәріптеуде осылардың бәрі де белсенділік танытқаны анық. Бірақ олар туралы деректердің өте аз болуы біраз зерттеулерді қажететеді.

Қайролла жырау:

«Бата алған жерімді айтайын,

Ар жағы Үкі, Бекберген.

Бер жағын оның айтайын,

Жаскілең, Бақы, Бітеген,

Мақует пен Терлікбай,

Бөтен емес өзімнен», –

деп дәлелдерімен ашып көрсетеді. Аталған үмбет ұлдарының бір-бірінен асып түсетінін байқаймыз.

Әсіресе, Ақтөбеде дүниеге келген Қайролла жыраудың мақам-сазы өзгеше. Себебі, өмірінің басым бөлігін қарақалпақ жерінде өткізген. Ал ол Ходжейлі аймағы – қазақ жыршылық өнерінің қаймағын бұзбай сақтап келген Бесқала мектебі. Қайролла жыраудың қоныс аударуына не себеп болғанына тоқтала өтсек.

Тағдырдың жазуымен қазақ өткен ғасырда төрткүл дүниенің түкпір-түкпіріне тарапкеткені мәлім. Еліміз Тәуелсіздік алған тұста олардың көбі отанына оралды.

Сыртқа кеткен қазақтың денітілі мен дінін, дәстүр-салтын сақтапқалды. Тіпті өз елінде қыспаққа түскен кейбір өнер түрлері сонда дамыды. Соның бірі – жыршылық өнер.

Алматыда «Дәстүр» баспасынан «Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы» атты оқулық-хрестоматия жарық көрген болатын. Қарақалпақстандағы қазақ ғалымдары, Қаржаубай Жұмажанов пен Тұрсынай Төрткүлбаева құрастырған бұл кітапқа енген ақын-жыраулардың бір қатары XX ғасырдың басында Ақтөбе өңірінен кеткен.

Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жырауларының мұрасы Кеңес заманында-ақ ғалымдардың назарын аударған болатын. 2007 жылы «Арыс» баспасынан белгілі қарақалпақстандық ғалым Қаржаубай Жұмажановтың «Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті» атты монографиясында 1960-1963 жылдары Қазақ Ұлттық ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері Т. Бекхожина, Т. Қанағатов, Б. Ысқақов, Б. Байділдаев, Т. Сыдықов, А.Серікбаевалардың арнайы сапармен келіп, материалдар

жинақ тағаны айтылады. Одан кейін де бірнеше дүркін экспедициялар ұйымдастырылған. Мысалы, белгілі ғалым Алма Қыраубаева Қайролла жыраудан 4 дастан жазып алғандарын айтатын: «Өттең, әбден шау тартқан шағында жолығыппыз. Он жыл бұрын кездескенімізде, көпдүние алып қаларедік...» деп өкінетін [2].

Тарихта Бесқала атауымен белгілі өңірде қазақ бұрын да тұрған. Мысалы, XVI ғасырда өмірсүрген Ер Қосай батырдың асыл сүйегі Қарақалпақстан астанасы Нөкіс қаласының маңында жатыр. Әйгілі Сырым Датұлының да бейіті – Қарақалпақстан аумағында. Өзберген Мұңайтбасовта сонда хандық құрған. Батырдың соңы Байқазақ Жолдасбайұлы да сол киелі топырақта жатыр.

Өткен ғасырдағы кәмпеске, аштық, репрессия жылдарында Қазақстанның батыс облыстары халқының біразы бауырлас қарақалпақ жеріне қоныс аударды.

Бұл өңірде ірі жыр мектебі қалыптасты. Өзбек, қарақалпақ, түрікпен халықтарының әйгілі жүйріктерімен араласып, үзеңгі қағыстырған жыршы-жыраулардың сөз қоры молайып, мақамдары түрлене түсті. Тіпті Кеңес заманында да Бес қала жыршылық мектебінің жібі үзілген емес. Аясы тарылған шығар, бірақ арнасы құрғаған жоқ. Халық жыр арқылы өзінің тамырына үңіліп отырды.

Бесқала-тарихи атау. Шымбай, Хожелі, Қоңырат, Шаббаз (Шаббаз – қазіргі Беруни, Еллік қала, Төрткүл), Көне Үргеніш қалалары XVIII-XIX ғасырларда Бесқала деп аталған. Қазіргі кезде Көне Үргеніштен басқасы Қарақалпақстан Республикасының аумағында жатыр. Осы өңірді ертеден мекен еткен қазақтардың өзіне тән салт-дәстүрі, өнері, мәдениеті, әдебиеті қалыптасты. Солардың ішінде кең танылғандардың бірі-жыраулық өнері. Қазақ жеріндегі Сыр бойы, Жетісу, Батыс Қазақстан, Маңғыстау жыраулық мектептері секілді қарақалпақстандық қазақтардың арасында қалыптасқан мектеп «Бесқала жыраулық мектебі» деп аталады.

Ғылыми еңбектер мен зерттеу мақалаларда Бесқала өңірінің XVIII-XIX ғасырлардағы жыраулық өнер өкілдері ретінде Жиеней Өтім, Қосым, Сағыр Дүйсенбай, Тұрманқожа, Қазан, Амантұрлы, Тілеумағамбет (Қу молда) Лепес, Оразбай сияқты ақын-жыраулардың есімдері аталады. Осылардан үлгі алып, дамыта жырлағандар кешегі Әбдімұрат, Мыңбай, Төртқара Теңізбай, Ережеп, Жоли Жақсылық, Алдаберген, Наурызбек сияқты өнер иелері еді. Ертеректе өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармалары мен музыкалық мұралары бүгінгі күнге түгел жеткен жоқ. Ал XX ғасырдағы жыраулардың шығармалары біршама сақталып, бүгінде халық кәдесіне жарап отыр. Атап айтар болсақ, Құдайберген Кердері, Ережеп Тілеумағамбетұлы, Жақсылық Мамытұлы, Жақсылық Төлепов, Ерғожа Құлпыбайұлы, Жалғасбай Аралбаев, Қайролла Иманғалиев, Алдаберген Тасқынбайұлы, Наурызбек Нұржаубайұлы, Атаубай Мәмбетов, Өмірзақ Қалбайұлы, Қарасай Әбдімұратұлы, Тұрғанбай Жаңабайұлы т.б. ақын-жыраулардың мұралары мол.

Бұл өңірдегі жыршылық дәстүрді сөз еткенде жыр саздарын, мақамдарын ерекше атап өтуіміз қажет. Бесқаланың солтүстігі мен оңтүстігіндегі жыршы-жыраулардың жыр айту стилі, репертуарлары, жыр саздары мен терме мақам-

дары бір-біріне ұқсамайды. Бесқала қазақтарының жыраулық дәстүрін зерттеушілердің дені негізінен әдебиетші ғалымдар болды да, музыкалық тұрғыдан зерттелуі бүгінгі күнге дейін назарға іліне қойған жоқ.

Мақам-саздың ерекшелігі, әсіресе жыр-ертекттерді жырлағанда айрықша білінеді. Жыраулар терме-толғауларда пайдаланбаған сарынды дастанға, жырға келгенде кеңінен пайдаланып, оқиғаны құлпыртып отырады. Бұған дауыстары дыбыс таспасында қалған А. Тасқынбайұлының «Асау-Барақ», Н. Нұржаубайұлының «Едіге», Қайролла Иманғалиевтің «Қарасай-Қази» жырлары сөзімізге дәлел. Қарақалпақстандық қазақ жыраулардың өзіне тән жеке мақамдары бар. Мысалы, бір жыршыны тыңдап отырған жұрт аузынан «мынау Теңізбайдың жолы», «Қайролланың жолы», «Наурызбектің жолы ғой» деген сөздерді көп есітесіз. Мұндағы «жолы» деген сөз «жыр сарыны, мақамы, сазы» деген сөз.

Аталған өңірдегі ақын-жыраулардың мұраларын жинастыру өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап қолға алына бастады. 1959-1960 жылдары Қазақ Ғылым академиясы Қарақалпақстанда болып, көптеген әдеби мұраларды хатқа түсірді. Одан кейін де бірнеше рет барып, Бесқаладағы мол мұраның сақталып қалуына себепші болды. Сонымен қатар ташкенттік фольклоршы Қыдырәлі Саттаров «Фольклор экспедициясының жемісі» деген мақаласында Бесқала өлкесіндегі жыраулық өнер жайында: «Бесқала, Көне Үргеніш, Әмудария құйылысындағы қазақтар арасы қазақтың жыршылық-жыраулық дәстүрі қаймағы бұзылмай толық сақталған өлке. Халық таланттары ұстаз, шәкірттік салтын жалғастырып, бірден екіге ұластырып келе жатқанының куәсі болдық» – деп жазады.

Қайролла 1919 жылы туған жерінен 12 жасында Түркменстанның Ташауыз облысына көшіп келіп, мекендейді. Кейін Қарақалпақстанға, Ходжейлі қаласына қоныс аударады. Құрметті демалысқа шыққан уақытына дейін Ходжейліде тұрады. Сол уақытта Түркменстан, Қарақалпақстан, Қазақстан халқының барлық мәдени іс-шараларына қатысып, қазақ халқының жыр-дастандарын насихаттауда маңызды қызмет атқарады. 1979 жылы академиктің шақыртуы бойынша, Алматыға келеді. 1980 жылы Алматыда болған ақындар айтысына қатысып, диплом алған. Жыр қорында Қарасақал Ерімбет пен Жекей қыздың айтысы болған. Шәкірті – Базарбаев Жұмабай 1935 жылы туған. Сонымен қатар, Төртқара Теңізбай жырау, Адай Сүгір жырау, Табын Жақсылық жырау, Керейт Жалғасбай жырау, Кердері Құдайберген жырауларға барып үлгі-өнеге көрсетіп, 1930 жылдары Ноғайлы жырын үйретеді. Қайролла Иманғалиевтің шоқтығы биік шығармасының бірі – «Қарасай-Қази» жыры. Бұл – ерлік пен батырлықты, халықтың жауынгерлік рухын дәріптейтін шығарма. Қаһармандық эпос ұрпақты ел мен жерді қорғауға, атамекеннің қадір-қасиетін санаға сіңіруге үндейді. «Қарасай-Қази» жырының бірнеше нұсқасы бар. «Қарасай-Қазидың» барлық нұсқалары «Бабалар сөзі» жүз томдығының 41, 42, 46-томдарында топтастырылған. Жырдың отызға тарта нұсқасы бары мәлім. Кеңес кезіндегі озбыр саясаттың Едіге әулетіне деген салқын көзқарасының себебінен олардың басым көпшілігі жарияланбай, зерттелмей келді. Тек XX ғасырдың 80-жылдарынан соң «Қарасай-

Қази» эпосының бірлі-жарым, қолға түскен варианттары жарық көріп, зерттеушілер тарапынан айтыла бастаған. Қашаған (1991), Мұрын (1989), Қайролла (1988), Өмірзақ (1994) жыраулардың нұсқаларын осы қатардан көреміз. Ал эпостың Айса, Жақсылық, Нұрпейіс, Төренияз, Сейіт т.б. ақын-жыршылар орындаған үлгілері екі томға жинақталып, «Бабалар сөзі» 100 томдық басылымының 41, 42-томдары ретінде «Фолиант» баспасына ұсынылған болатын. Қазіргі таңда ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында жырдың Мұрат Мөңкеұлы, Нұрпейіс Байғанин, Айса Байтабынұлы, Мұрын жырау, Қашаған Күржіманұлы, Жақсылық, Сейіт жырау, Наурызбек, Тілеумағанбет, Төренияз, Қобылаш Бекмағамбетов, Қайролла Иманғалиев, Атаубай Мәмбетов, Өмірзақ Қалбаев т.б. жырлаған нұсқалары сақтаулы.

Қырық жылдан бері жатқа айтып жүрген XIV-XVI ғасырларға жататын ноғайлы жырларын Қайролла 12 сағатқа жуық тынбастан жырлайтын сол уақыттағы бірден-бір ірі қазақ жырауы болған. Және де Мұса тұқымы, Орақ Мамай, Қарасай-Қази және Әділханның жырын түгел жатқа айтады. Қазақ, Түркмен, Қарақалпақ Республикалары арасына өзінің ақындығымен жыраулық қабілетімен құрметке бөленген дарын иесі өз жанынан түрлі тақырыптарды толғап, өлең-жырларды, шығарма-термелерді жырлайды. Бұрын соңды өмірі мен шығармашылығына аса ден қойылмаған Қайролла жырау туралы тың деректер табылып, зерттеліп жатқаны көңілге қуаныш ұялатады. Ұлттық құндылықтарымыз осылайша жалғасын таба бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыдиықұлы Қ. Таңдамалы. – Алматы, 2006. – 207-214 Б.
2. Жұмажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 2007. – 55 б.
3. Қосымбекұлы Қ. Жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987. – 368 б.

К ВОПРОСУ О РАЗВИТИИ ЖАНРА КОНЦЕРТА В ТВОРЧЕСТВЕ КОМПОЗИТОРОВ КАЗАХСТАНА (НА ПРИМЕРЕ ДУХОВОЙ МУЗЫКИ)

Жолданова Г.А.,

магистрант 2 курса специальности «Музыковедение»

Казахский национальный университет искусств

Научный руководитель – Малдыбаева Р.С.,

кандидат искусствоведения, профессор КазНУИ

Развитие музыкальной культуры представляет собой удивительный, сложный, многоуровневый процесс, в котором органично взаимодействуют множество компонентов. В тоже время, это живой процесс, внутри которого находится

место всем его участникам – композиторам, исполнителям, ученым-музыковедам, педагогам-музыкантам, слушателям и другим.

Казахская музыкальная культура XX века развивалась в особых, неоднозначных условиях. С одной стороны в ней присутствовал и пласт казахской традиционной музыкальной культуры, с другой, началось зарождение нового направления в музыке – композиторской музыки письменной традиции.

Наше внимание в данной статье будет сосредоточено на некоторых особенностях взаимодействия творчества композиторов и исполнительской культуры Казахстана.

Необходимо подчеркнуть, что творчество композиторов очень тесно взаимодействует с развитием исполнительской школы Казахстана. Появление хороших музыкантов-исполнителей повлияло на становление и развитие инструментальной музыки, стимулировало огромный интерес к разным инструментам, жанрам и формам. Процесс «вращения» музыкантов носил продолжительный характер, и, во многом он связан с этапами становления музыкального образования, в профессиональной среде в том числе.

Композиторы Казахстана наряду с написанием музыки для различных инструментов, не обошли стороной и духовую музыку, тем самым, пополнив репертуар духовых инструментов произведениями различных форм. В золотой фонд вошли как крупные сочинения духовой музыки, так и пьесы малой формы, получившие яркую концертную судьбу и признание слушателя.

В музыкальной культуре Казахстана продолжают свое развитие и взаимодействие две основные тенденции, которые сложились в симфонической музыке: первая – претворение национального; вторая – осмысление современных средств выразительности. В разной степени они свойственны композиторскому стилю Газизы Жубановой, Еркегали Рахмадиева, Куддуса Кужамьярова, Мансура Сагатов, Базарбая Джуманиязова, Тлеса Кажгалиева и других.

Среди инструментальной музыки (в сравнении с музыкой для струнных), духовая музыка получила развитие значительно позже. Это связано с ростом культуры, в которой последовательно утверждались и развивались типичные для академической традиции формы – композиторская и исполнительская школы, образовательные учреждения и т.д. несмотря на то, что духовая музыкальная культура начала развиваться сравнительно недавно, она сформировалась в важную составляющую культурного наследия. В этой области композиторами создано множество высокохудожественных образцов, которые вдохновляют своим ярким национальным колоритом, своеобразием.

Первые опыты композиторов связаны с обращением к простым формам. Самым распространенным жанром в духовой музыке становится пьеса-миниаюра, а также популярность получают обработки и переложения различных и уже известных песен, кюев и тем на национальную тематику, написанных как для различных составов оркестров, так и для сольных духовых инструментов в сопровождении фортепиано либо оркестра. К жанрам крупной формы композиторы стали обращаться несколько позже.

Если в мировой культуре процесс и становление жанров музыкального искусства проходил плавно и естественно, то в Казахстане это проходило в более сжатые сроки. Но наряду со всеми наша культура восприняла разновидности тех жанров, что присущи практически каждой развивающейся классической музыкальной культуре разных стран.

Также, как и в мировой практике, появление многих сочинений связано с развитием исполнительской школы. Поколение отечественных музыкантов-исполнителей демонстрируют высокий уровень профессионального мастерства. Многие произведения создавались специально для определенных исполнителей, завоевали популярность и пополнили репертуар национальной музыки.

«Абай» шығармасының сахнаға қою үлгісі сонау 40-жылдардан бастау алады. Қазақстанның 20 жылдық мерекесі қарсаңында дүниеге келген М.О. Әуезовтың Л. Соболевпен бірге жазған «Абай» трагедиясын сахнаға қою автор мен театр әкімшілігін біраз ойланысқа түсірген еді. Таңдау дәл осы кезде Мәскеудің А.В.Луначарский атындағы Театр өнері институтын бітіріп, дипломдық спектаклін қоюға Алматыға келген жас кәсіби маман Асқар Тоқпановқа түсті. Бұл кезде жазушы роман-эпопеясының жекеленген бір тарауы «Әдебиет майданы» журналына «Татьянаның қырдағы әні» деген атпен жаңадан басылып шығып (1937 жылы көктемде), көпшілік қауымға енді таныла бастаған кезі болатын. Трагедиядағы оқиға желісін, тартыстардың мән мағынасын анықтап, кейіпкерлерді тереңнен түсініп алу үшін режиссер А.Тоқпанов қолда бар мүмкіндіктің бәрін пайдаланады. Ақын туралы зерттеулердің әлі де болса көп тарала қоймаған уақытында жас режиссер Абайды, оның өмір сүрген ортасын баспа бетінде басылған, өзге де материалдардан терең зерттейді. Көз көрген

көнекөз қариялардан естіп білмекке Семейге арнайы сапармен барады. Сондай бір естелігінде А.Токпанов Абайды танудағы қадамдары жайлы: «Ысқақтың баласы Әрахммен, Абай ауылында өскен Қатпа сияқты көне көздермен дидарластым, - дей келе ол - Әлі есімде, Қайым Мұхаметхановтың үйінде Мұхтар келді де, бәріміздің басымыз қосылды. Сұрау беруші Мұхтар да, айтушы Қатпа ағай болды.... Мен қатпа ағайдан Айдар сияқты жалқы, жетім жігіттің кейбір қасиеттерін аңғардым. Менің «Абай» трагедиясындағы адамдарды анық түсінуіме Қатпа ағайдан естіген әңгімелерім өте көп көмегін тигізді», дейді [2, 16 б.]. Бұл жазушы М.Әуезовты әлемге танытқан «Абай жолы» роман-эпопеясының желісін жазу мен кейіпкерлерін сомдау жолында қызу материалдарды жинап жүрген кезі болатын.

«Абай» трагедиясы сахнаға алты ай бойы дайындалады. Жас режиссер А.Токпанов драма театр сахнасында Абай бейнесіне Қ.Қуанышбаевты тағайындап, екеулеп жүріп ғұламаның образына кілт таба алмай біраз қиналысқа түседі. Ол өзінің «Сахнада – Ұлы Абай» атты еске алу мақаласында М.Әуезовтың дайындық барысына қатысып көрген кезде дайындық аяғына дейін шыдай алмай орнынан атып тұрып: «Ей, Қалибек, «сен не дейсің?» дегенді айта алмайсың ғой. Тілің күрмеледі ғой... Осы күнге дейін бір ауыз сөзін айта алмайсың. Сенен қалай Абай шығады? «Сен не дейсінде» бүкіл Абай бейнесінің кілті тұр. Осы бір сөзінде күйіну де, түңілу де, тебірену де, таңдану да, тағысын-тағы толып жатқан көп астарлы сыр жатыр. Ал сенің «не дейсінінде» жалаң қабат, жай адамның айтатын, онда да тұтықпа жабының үні ғана тұр. Пәлі, сендердей актері бар, мынадай /мені нұсқап/ режиссері бар мен бақытсызбын. «Абай трагедиясы – симфония, ал симфонияны балалайкамен ойнаса не болар еді? Сендер балалайкашысыңдар», - деп Қалибекті де, мені де, бүкіл коллективті де қатты мұқатып, күдер үзе, автор Семейге жүріп кетті», дейді [2, 19 б.]. Осындай қиындықтарға қарамастан «Абай» трагедиясы А.Токпановтың режиссурасымен алғаш рет көрермендерге жол тартты.

«Абай» трагедиясы қазақ драма театры сахнасына алғаш шыққаннан бастап еліміздің мәдени өмірін дүр сілкіндірген, театр ұжымының кезеңдік қойылымы деп танылды. Белгілі актер К.Қуанышбаевтың сахнада сомдаған Абайын қалың көрермені бір ауыздан ерекше ықыласпен қабылдады. «...Қуанышбаев Абай роліне енгенде жұртшылық тірі Абайды көргендей әсер алды. Қуанышбаевтың ұлы ақынның ролін ғажап шығарғаны сонша, ол өмір бойы тек қана осы ролді орындап келе жатқан тәрізді боп көрінетін еді» [3, 338 б.], - дейді театр тарихнамасы. Осы трагедия негізінде Абайдың өміріне арналған қазақ драма театрларының сахнасына шыққан спектакльдер легі ұлттық театр тарихының беттері мен мерзімді баспасөз беттерінде жақсы жазылған. Бұл жол кейін заңды жалғасын тауып, 60-жылдары Ә.Мәмбетовтың, 90-жылдары Ж.Хаджиевтің, Б.Атабаевтың т.б. режиссурасында әр кезеңнің көрермендерін өз Абайымен қауыштырып отырды.

Сәтті шыққан трагедиядан кейін қай сахнада болмасын Абайдың қайталанбас тұлға болып көрінетін түсінген композиторлар жұмысына ақынның

қызықты да өнегелі өмірбаяны, ән шығармашылығы көп көмек жасады. М.Әуезовтың композиторларға берген ақыл кеңесі, Абай әндерін қай жерде қолдану туралы ұсыныстары орынды қолданылған. Композитор Л.Хамиди өзінің естелігінде либретто авторының операның жазылуы барысында берген бағалы кеңестері жайлы: « «Абай» операсын Ахмет Жұбанов екеуміз 1942 жылдың көктемінен бастап жаза бастадық. Ол кезде «Абай» пьесасы қазақ академиялық драма театрында үлкен табыспен өтіп жатқан болатын. Драма театры, сахнасында көріп көз үйренгеннен болу керек, енді «Абай» операсы жазыла бастады деген хабарды естігенде, оған наразылық білдірген жолдастар да болды. Бірақ, Мұқаң бізге үлкен сенім білдіріп: «Қорықпай операны жаза беріңдер. Абай опера геройы бола алады, ешбір күмәнденбеңдер. Өйткені, Абайдың өзі ақын, әрі композитор болған жоқ па? Абайдың өз әндерін творчестволық түрде операда мол пайдаланыңдар. Сонда Абай айтатын ариялар оның өзіне де жарасып тұрады және тыңдап отырған жұртқа да ұнар» деп бізге ағалық ақылын айтып, іске жігерлендіріп қоятын. Осы айтқан ақыл-кеңесін дәлелдеу үшін болу керек, либреттоның кейбір жерлеріне «Абайдың пәлен әннің ырғағымен» деп жазып та қоятын еді. Мұқанның бұл айтқандарын опера жазылып жатқанда Ахмет екеуміз қатты ескердік», - дейді. [4, 42 б.] Драма театр сахнасының Абайына қарағанда опера Абайының күні бүгінге дейін сахнадан түспей келуі де осындай жан-жақты, көп салалы өнер компоненттерінің шығармада бір жерден үйлесіммен шығуында болса керек. Операның бұлай ұзақ жылдар бойы ғұмырлы болуы жайлы опера авторына жүгінсек: «Енді қазір «Абай» операсының отыз жылдан артық үздіксіз сахнадан түспей келе жатқанының бір себебі – Мұхтардың кеңесін тыңдап Абайдың өз әндерін операда творчестволық түрде орынды пайдалана алғанымыздан болу керек деп ойлаймын» - дейді [4, 42 б.].

Опера театры да «Абай» операсының қойылымын өз деңгейінде жасауға ерекше құлшыныспен кірісті. 1944 жылғы 24 желтоқсанда тұсауы кесілген операның режиссері Қ. Жандарбеков, суретшісі Қ. Ходжиков, дирижері Л. Шаргородский, балетмейстер Ю.Ковалев болды. Театр барлық шығармашылық ресурстарын пайдалана отырып, өз заманына сай елеулі сахналық қойылым арқылы қазақ өнері мен мәдениетінің барша талантты ұл-қыздарының бастарын біріктірді. Театр Е.Г. Брусиловскийдің «Қыз-Жібек», «Ер-Тарғын», т.б. операларынан кейін ұлттық композиторларымыздың өзіндік соны туындысын дүниеге алып келді және сахнада қойылуында ерекше жетістіктерге жетті. «Абай» операсы кезінде Мәскеу көркем театрының сахнасында қойылған А.Чеховтың «Шағаласы» секілді тұтастай қазақ халқының қара шаңырағы болған – опера және балет театрының бойтұмар спектакліне айналды.

Жазушы-драматург М.Әуезов опера либреттосын драма театр сахнасына, қойылған өзінің трагедиясы негізінде музыкалық театрдың жанр ерекшеліктерін ескере отырып жазды. Опера шығармасының сәтті жазылуы ұлттық профессионал композиторларымыздың музыка өнерінің ең күрделі жанрларының біріне саналатын операны жазуда нық басқан алғашқы қадамдарымен бірге либретто авторының биік жазу шеберлік деңгейін көрсетеді. Драматургиялық даму желісі ширақ, өте жинақты жазылған М. Әуезов либреттосы композиторларға жұмыс

істеу барысында үлкен көмек болды. Кейінгі кезде сахнада ғұмыры қысқа сәтсіз жазылған туындыларды қоюдың жиілеуі, опера драматургиясы – либреттоны жазуға белсенді тартылуға тиісті осындай ірі тұлғалардың шет қалуы кезінде болған жақсы бастаманың аяқсыз қалғандығын көрсетеді. Опера либреттосын «бір жазса, М.Әуезов жазады» деген тұжырымға келген А. Жұбанов өзінің кезекті «Құрманғазы» операсының либреттосын жазу жұмысына да тек М. Әуезовті тартқысы келгендігін білеміз. Композитор М. Әуезовпен жаңа опера жазуға дайындық жұмыстарын басталғанмен жазушының денсаулығына байланысты уақытша тоқтап, кейін қайтыс болуымен бұл жоба мүлдем іске аспай қалды [5, 36-37 б.].

Талантты актер Қ.Қуанышбаевтың жасаған Абай бейнесі көрермен жүрегіне сәтті жол тауып Республика көлемінде үлкен мәдени маңызы бар оқиға ретінде аталып өткендігін жоғарыда айттық. Араға бірнеше жыл салып, Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы опера жазып жатқандығы құлағы түрік жұртшылық көңілін елең еткізеді. Құлағдар болғандардың не себептен алаң болғаны жайлы белгілі қаламгер Ғабит Мүсірепов: ««Абай» операсы сахнаға шығар кезде көп адамның алдында өлең айтып тұрған Абай қалай болар екен деген дүдәмал сұрау жүрді. Болашақ мұңын, ел қамын жеген ойлы Абай ән салып тұрғанда жеңіл көрініп кетпес пе деген заңды сұрау еді», - дейді [6]. Қылқалам шеберінің мұндай күдікті ой айтуына өзіндік себеп бар болатын. Осы кезге дейін бұл театрдың сахнасында негізінен ұлттық ауыз әдебиеті желісіне негізделген батырлық, лиро-эпостық дастандардан бастау алған: «Қыз-Жібек», «Ер Тарғын», т.б. махаббат, достық тақырыбын жырлап келеді. Бұған дейін Жалбыр секілді ұлт азаттық күрестің батыры кейіпкерлер ретінде сахнада болса да Абайдай күрделі тұлғаны қасиеті мен құнын түсірмей музыкалық театр сахнасына шығару театрға зор жауапкершілік жүктеген болатын. Бұл жұмысқа тапсырыс берушілер мен оны орындаушылар, сахнаға шығарған өнерпаздар тобы өте жауапкершілікпен келген. «Абай» шығармасы ұлттық композиторлық мектебінің алғашқы қарлығаштары А. Жұбанов пен Л. Хамидидің опера жанрындағы тұңғыш, сонымен бірге тыңнан бастаған соны жолы болатын. Екіншіден, ұлт пір тұтқан Абайға опера жанрына тән өзіндік шарттылықтармен сахнада ән айтқызып қою ол кезде көрермен үшін әлі үйренісе қоймаған тосын құбылыс болғаны анық. Драма театры сахнасындағы Абайға көздері үйрене бастаған көрерменге сахнадан әндетіп жүрген Абай ерсі көрінуі заңды. Алғашқы тұсаукесер көрсетілімінде әр түрлі себептермен көрермен сынына ұшыраған фактілер әлемдік опера театры тарихынан жақсы білеміз. Қазір опера театрларының ең көп қойылатын, ал кезінде оңбай сыналған Дж. Верди, Д. Бизе, П. Чайковский, т.б. секілді танымал композиторлардың «Травиата», «Кармен», «Евгений Онегин» операларының сахнаға келуінің бұралаң тарихы осының дәлелі. Аталмыш шығармалардың опера сахнасына алғаш рет шығуы бұрын қоғамда көз көріп, құлақ естімеген қарама-қайшы пікір-талас тудырып, тұсаукесер қойылымын көрермен мүлдем қабылдамаған болатын. Жекелеген кейіпкерлер күні кеше көз көрген заманның фрак киген Онегині, қоғамның төменгі сатысындағы өмір сүрген сыған қызы

Кармен мен куртизанка Виолетталар болып, опера сахнасы үшін төңкеріс әкелген жаңалықтың басы еді.

Ойда күдік болса да «Абайдың» алғашқы қадамынан-ақ жоғарыда аталған сәтсіздікке ұрынған опералар тарихымен тағдырлас болуы мүмкін емес еді. Күдікке негіз жоқтығын зор табыспен өткен тұсаукесер қойылым толық көрсетті. Театр репертуарының төрінен берік орнын алған операның өміршеңдігіне алпыс жылдан аса уақыт театр маусымының беташар спектакліне айналуы және театрға сол кезде Абай атының берілуі куә. Біздің ойымызша ақын, философ, композитор, жалпы адамгершілік қырлары мол ғұлама Абайдың шынайы келбетін музыкалық театр сахнасы толығырақ ашса керек. Сыршыл да сұңғыла поэтикалық образдар әлемі мен әсем де әрлі лирикалық әндері, терең де ащы айтылған қара сөздеріндегі ойлары Абайдың бір бойынан табылып, оны дайын күйіндегі музыкалық образ ретінде театр сахнасына жетелеп тұрған болатын. Ән-күймен көңіл шерін тарқатқан Абай партиясының түйінді тұстарында оның ішкі жан дүниесін ашуға композиторлар ақынның төл әндерін сәтті қолданып, кейіпкердің сахналық образын «өз тілімен» сөйлеткен. Абай партиясының осы тұстары - «жұмбақ жанның» жүрегіне терең бойлайтын опера партитурасының ең шұрайлы беттері. Талай ұрпаққа рухани азық болар бұл операның сахналық ғұмырын үзіліссіз, ұзақ болу сыры да осыдан болар.

Операның орталық тұлғасы Абайды сомдау театрдың әншілері Р.Абдуллин, Қ. Байсейітов, Е. Серкебаев, М. Мұсабаев секілді талантты орындаушылардан бастап бүгінгі Ғ. Есімов, Б. Сқақов, Ш. Әбілов, Т. Күзембаев, Ж. Шыбықбай секілді өнерпаздардың қанжығасына бұйырды. Әрине, барлық әншілердің айтатын партиясы автордың жазып кеткен бір образы болса да, олар өздерінің бойындағы ән-орындаушылық қызуқанды темпераментімен, әуезді дауыстық бояу-тембрімен, әралуан күшке, самғау қасиетіне ие ерекшеліктеріне салып, Абайдың қайталанбас бейнесін жасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай асқары.//«Егемен Қазақстан» № 184-187, 27.05.2009 ж.
2. Асқар Тоқпанов. - Алматы: «Өнер» 2005 ж.
3. Қазақ театрының тарихы. I-том. - Алматы:, «Ғылым», 1975 ж.
4. Латиф Хамиди. Құрастырған А.Омарова - Алматы: «Өнер» 2006.
5. Жубанова Ғ. Мир мой - Музыка. В 2х т. Т. II. А., «Компьютерно-издательский центр АКСИМ» 1997 ж.
6. «Абай» – қазақ операсының жаңа белесі. Мүсірепов Ғ. //«Социалистік Қазақстан». 16 январь 1945ж.

БҮГІНГІ ТЕАТР МӘДЕНИЕТІ ХАЛ-АХУАЛЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ДЕҢГЕЙІ

Айымгазы Е.Е.

2 курс магистранты, мамандығы «Режиссура»

Қазақ ұлттық өнер университеті

Ғылыми жетекші - Ескендіров Н.Р.

театртанушы, PhD докторы, ҚазҰӨУ доценты

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында.» [1], - деді. Бұл барша өнержасаушы тұлғалар мен мекемелердің мойынындағы міндет, атқаруға тиісті абройлы аманаты деп ұққанымыз жөн.

Ұлттық идеологиямыз тек ұлттық болмыс қана емес, тұтынушы көрермен қауымды тәрбиелейтін, алға жетелейтін биік тәрбие мектебі болса игі еді. Театр туралы сөз қозғалса екінің бірі айтатын ойлары К.С.Станиславскийдің «Театр киім ілгіштен басталады» [2, 240 б.], - деген бір ауыз киелі сөзінде үлкен пәлсапа жатыр. Бұны бәріміз жатқа айтқанымызбен астарындағы мазмұны мен мәнісін біле бермейміз. Осы ретте театр табалдырығынан аттап, киім ілгішке киімдеріңізді тапсырғаннан кейінгі жүктелер міндеттер мен мәдени қағидаларды сақтағанымыз абзал. Бойынды тіктеу, ойынды нықтау, өзінді ұстау мәдениетін сөзіміздің әлқисасы деп қабылдаған жөн.

Театр мәдениет ошағы болғандықтан мәдениеттілікті сақтау бірінші талап. Бірақ біздің көбіміздің көзімізге оғаш көрінетін кейбір мәдениетсіздіктерге қандай жағдаяттар себеп болды. Мысалы: Нұр-Сұлтан қаласындағы «Астана опера», «Астана балет» театрларына барсақ көрермендерінің өзі театрға ерекше құрметпен қарайды. Театрға келген қонақтардың үстіне киген киімінен, жүрген жүрісінен, жағымды иіссуынан, өне бойын тіктеп, өздерін театрға келіп жоғары мәдениетті бағалап, лайықты ұстауынан байқаймыз. «Этика – тәлім-тәрбие туралы ілім. Сөздің қазақша баламасы – әдеп. Әдеп – адамдардың арақатынасын қалыптастырып, олардың рухани дүниесін азып - тозудан, азғындаудан арашалайтын мөлдірлік, тазалық ұғымы» [3, 146 б], - деп ұлы режиссер М.Байсеркенов әдептілік туралы өте жақсы ой білдірген.

Ал, біздің қазақ драма театрларында аңғал-саңғал, алба-жұлба, жүрдім-бардым жүрген көрермендерді жиі көреміз. «Себебі неде екен» - деген сұрақтар мазалайды. «Әдеп – өнегелікке, тәлімгерлікке баулитын ілім. Ол – сахна өнерінің моральдық сипаты, - адамның рухани дүниесін азып – тозудан, ластанып – бұзылудан сақтандырып, жалпы адамдар арасындағы қарым- қатынастарды қалыптастыратын өнегелі тазалық желісіне негізделген тәлім- тәрбие жүйесі» [3, 150 б], - деп ұлы режиссер М.Байсеркенов өзінің кітабында пайымдағанына қосылмасқа шара жоқ.

Қазақ драма театрларына келген көрермендер аристократтық деңгейге сай этикет сақтай алмауына қандай себеп бар. Бажайлап қарасақ себебі мен салдары мынада секілді. Қойылымның статус, дәрежесін көрермен санымен есептейтін кереғар түсініктің кесірінен театр төрін танымы таяз, түсінігі тапшы, оқушылар мен әскери сарбаздар мен қызметкерді күшпен әкелінгенсоң аржағы түсінікті жайт. Бір жағынан ойлап қарасақ олардың да кінәсі жоқ. Балабақшадан бастап қуыршақ театрына бармаған балаларға бірден үлкендерге арналған қойылымға қинап апарған дұрыс емес. Баланы кішкентай кезінен ертегі оқып беріп, қуыршақ театрына апарып, біраз өскенсоң жасөспірімдер театрына апарып спектакльге деген махаббаттарын оятқан абзал. Нұр-Сұлтан қаласында жасөспірісдер театры жоқ болғансоң, үлкендерге арналған театрға апарып балалардың ой-қиялдары жете бермейтін қойылымдар көрсетеді. Олардың іші пысып, телефондарымен сөйлесіп, инстграмда отырып, тамақ ішеді. Жалпы ойланатын дүние... «Спектакльге көшеде келе жатып кіріп кетіп, көре салуға болмайды» [4, 193 б], деген Ә.Сығайдың сөзі еріксіз есіңе түседі. «Көрермендерге арналған ережелер болғаны абзал» - деп білеміз.

Онсызда сахнадағы актерлердің сөздері анық естілмейді, оған қоса көрермендер де шулайды, сөйлейді. Ең бастысы актерлердің әр сөзі анық болғаны дұрыс. «Тіл – адамның ой парасатының шешен шежіресі. Амал не, адам баласының ой қазынасын ақтарып алдыңа жайып салатын тіл құдіреті мен тіл қасиетінің қызметін олақ пайдаланамыз. Ал, ақиқатына келсек, әр буын, әр бунақ, әр сөз, әр сөйлемнің өз табиғаты, өз жан дүниесі бар. Біз сөздің осындай сиқыр сарайы мен тылсым құпиясына атүсті қараймыз. Соның салдарынан өмірде қалай сөйлесек, сахнада да солай сөйлейміз. Өйткені, өмірдегі өзіміздің сөз саптасымызға құлағымыз үйреніп кеткен. Сөздің астарына үңіліп, үніне құлақ аспаймыз» [3, 150 б], - деп ұлы режиссер М.Байсеркенов тура айтып кеткен.

Театр залына жайғасқан көрерменге қойылатын талаптар үшінші қоңырауға дейін үш рет қайталанатын мына бір хабарландыру бәрімізге жат емес шығар. «Құрметті көрермендер! Нұр-Сұлтан қалалық жастар театрына қош келдіңіздер. Сіздер бүгін У. Шекспирдің «Асауға тұсау» комедиясын тамашалайсыздар. Қойылым барысында видеоға, фотоға түсіруге болмайды. Ұялы телефондарыңызды дыбыссыз режимге қоюларыңызды сұраймыз. Өтініп сұраймыз» - деп, оқып отырғаныңыздай үш рет айтады. Сонда да біздің кейбір көрермендер видеоға түсіріп, сахнадағы жұмыс процесімен жарысып инстаграмға кіріп, тіпті телефонмен сөйлесіпте үлгереді ғой. Сол кісілер бір уақыт төңірегіне назар аударып, артистер мен адамдардың алдында өзін айыпты санамайды.

Шоколад, чипсыларын шытырлатып жеп, қылқылдатып шырындарын жұтып отыратындарды да жиі көзіміз шалады. Жансыз сөзге жан бітіріп, тіркестерді тірілтіп, оқиғаларды өрбітіп, кейіпкердің мінез-құлқын сезініп, тағдырын таразылап жатқан артистерге осы бір болмашы дыбыстарыңыздың қаншалықты кедергі боларын білмейді. Екіншіден іргелес отырған көрерменнің ойын бұзып, манадан бергі қадағалап отырған құлшынысын су сепкендей басатыныңыз тағы бар.

Әлде біздің театрлар өз көрерменінің деңгейін төмен санап, көргенде көз тоятын, ой салатын, театрдан шыққан соң ауыз толтырып айтатын азық бермеуде ме. «Біздің көрермен ондайға дайын емес, бізге ең бастысы театрға келетін халық санын көбейту керек», актер кейіпкердің ішкі арпалысын этюд арқылы білдіргісі келетін, жеткізгісі келетін болса «жоқ, көрермен бұны түсінбейді, қорыта алмайды ғой, осы бір жерде мына сөзді айтып жібер, түсінікті болсын», - деп жатады. Бұндай жағдайда, әрине, театр репертуарының деңгейі де, оны көруге келген құрметті көрерменнің де деңгейі бір орында тапталып қалу қауіпі бар.

2018 жылы Қазақ ұлттық өнер университетінің музыкалық драма театр әртісі мамандығы бойынша Қамиев Сайлаудың екінші бітіруші түлектері оқуын тәмамдады. Бес дипломдық спектакль қойылды, соның бірі және ең салмақтысы, Қ.Қуанышбаев театрының сахнасында қойылған Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлуы» еді. Бір жыл дайындықты талап еткен бұл қойылым, шүбәсіз, көрермендердің де, қабылдау комиссия мүшелерінің де көңілінен шығуы керек болды. Студенттер костюмдерін театрдан алдырып, күн демей, түн демей, тіпті университет қабырғасында түнеп дайындық жүргізді. Дипломдық спектакльді қорғайтын күні көрермен залы лық толы, актерлер дайын, үш рет қоңырау соғылғаннан кейін, шымылдық ашылып, тыныштық орнады. Қойылым Баянның әкесі, Қарабайдың монологуынан басталады. Қарабай рөлін сомдап жүрген, сахнаға онсыз да қобалжып шыққан жап жас студент бірінші сөзін бастап еді, көрермен залынан қоңырау шырылы естілді: «Мен театрдамын, театрдамын деймін!». Одан соң әже ұялы телефонын қалтасына салып, «Әй, балам, қаттырақ сөйлеші! Ештеңе естіп отырғанымыз жоқ!» - деп, отырған көрерменнің де, сахнада жастығына, тәжірибесіздігіне қарамастан қолынан келерін аянбай, халықты сендіруге тырысып тұрған актерлердің де назарын өзіне аударды. Бұл сәттен кейін, спектакльді жалғастыру мәнсіз еді. Көрермен Қарабайға да, Қодарға да, Қозы, Баянға да сенбеді. Самайын ақ шалған ажеміз қойылым барысында, ахілеп-ухілеп, ұялы телефонмен сөйлесіп, түшкіріп, жөтеліп біраз кедергі келтірді. Иә, олар жас, бұл тек оқу бағдарламасы бойынша тапсырылып жатқан дипломдық жұмыс, десе де, біз өнер жолын енді бастаған, театр әлеміне саяхатқа шығуға дайын тұрған сарыауыз балапандарға да қолдау көрсетуіміздің өзі халқымыздың мәдениетінің жоғары екендігін білдірер еді.

«Сахна қозғалысы пәнінің негіздері» атты оқулығында өнертану кандидаты, профессор А. Құлбаев: «Актердің сахналық қызметі көрермен алдында туатын толыққанды кейіпкер сомдауда жатыр, онсыз актердің қандай да бір тартымды жұмысының өзі жай кескіндеме болып қала береді» [5, 89 б.]. – дейді, ұзақ жылдар театр педагогикасына өлшеусіз үлес қосқан тәлімгердің бұл пікірімен келісе отырып, артистің басты сахналық міндеті кейіпкер бейнесін толыққанды мүсіндеу екеніне көз жеткіземіз.

«Актер алдында екі күрделі міндет тұрады. Образ жасау, яғни басқа адам өмірін бастан өткеру және бір мезгілде көрермен алдында, сахнада өтетін психофизикалық шығармашылықтың қиын жағдайын кәсіби деңгейге көтеріп, қызмет атқару» [5, 91 б.], - деп, тайға таңба басқандай айқындап тұр. Сонымен,

қай кезде де актердің ең басты болмысы көрерменнің көз алдында бейне сомдауы болып табылады мыс. Ал, қадірменді көрермен ақ тер, көк тер болып тұрған актер қауымға шығармашылық байланыс құра алып отырма. Алдында отырған көпшілікті айрандай ұйыта алмаған актер кінәліме. Әлде өнержасаушы өнерпаздың еңбегіне атүсті қарап отырған кейбір көрермен кінәліме. Егер өнержасаушы тарапты кінәлайық десек көпшілік көрерменнің дені бірге күрсініп, актермен бірге күліп жадырап отырады. Екінші тарапты жазғырайық десек жеткізетін жолын таппасақ, сөзің өтпейтін сыңайлы.

Қазақ театрының мәртебесін көтермейінше тұтынушы көрерменнің мәдениеті көтерілмейтін сыңайлы. Мысалы: құрылғанына 7 жыл ғана болған «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театрында орташа жалақы 150000- 200000 тг екен. Ал, құрылғанына 19 жыл толған Қ.Қуанышбаев атындағы академиялық мемлекеттік Қазақ музыкалық драма театрының орташа жалақы көрсеткіші 80000-120000 тг айналасы. Бірақ, екеуі де мемлекеттік статустағы театрлар. Билет бағалары да әртүрлі. Айтпаса да белгілі опера және балет театрында билет құны екі есеге қымбат. Сонда, арзанның дәмі татымастың кебін киіп отырмыз. Әлде, қазақ театры өнері «Опера» мен «Балет» театрларының қасында әуесқой болғаным деген сұрақ туындайды.

Біздің мақсат театр руханиятын тазалықтың, ұлылық пен сұлулықтың, мейірім мен махаббаттың, тағылым мен танымның ордасы екендігін естеріңізге салу. Әдебиеттің ең күрделі жанры – драматургия екені рас болса, өнердің де ең күрделісі, әрі жандысы – театр екенін ұмытпағанымыз абзал. Көрермендер қазақ театр мәдениетін ақсатпай, керісінше көтеру біздің қолымызда. Рухани азық беретін театрға сай киініп келу, ұялы телефонды бір жарым сағатқа сөндіріп қою, көрермен мен сахнадағы актерлердің арасында алмасып жатқан энергияның бөлігі болу, қолымыздан келмейді емес, келеді ғой. Ендеше өз еліміздің мәдениетін арттыруды, әлем қызығарлық деңгейге жеткізуді өзімізден бастаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері – Елбасы Жолдауы. <http://www.inform.kz/>. 10.01.2018.
2. Станиславский К.С. Собрание сочинений: в 9 т. М., 1994. Т. 6. – 347 с.
3. Байсеркенов М. «Сахна және актер» (Станиславский К.С. жүйесі әм оның тезистері мен негізгі заңдылықтары). Алматы, Ана тілі. 1993. – 336 с.
4. Әшірбек С. Толғам /театр туралы толғаныс/, -Алматы. Парасат, 2004-392 с.
5. Құлбаев А.Б. Сахна қозғалысы пәнінің негіздері. Мамандықты иегрудің теориялық мәселелері. – Алматы: Мектеп, 2012. – 296 с.

НОМАД ТЕАТРЫНДАҒЫ «ҚЫЗ ЖІБЕК» ЛИРО-ЭПОСЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ИНТЕРПРЕТАЦИЯДА САХНАЛАНУЫ

Алпысбаева Л.Қ.

1 курс магистранты, мамандығы «Театртану»

Қазақ ұлттық өнер университеті

Ғылыми жетекші – Ескендіров Н.Р.,

театртанушы, PhD докторы, ҚазҰӨУ доценты

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Номад театрында «Қыз Жібек» лиро-эпосының премьерасы өтті. Авторы: елімізге белгілі зерттеуші, қазақ фольклорын насихаттаушы ақын – Жүсіпбек қожа Шайхисламұлы. Бүгінгі күнге дейінгі қойылып келе жатқан Қыз Жібектерден ерекшелігі – спектакльдің аталмыш жыршының ақ өлеңімен жазылған дастаны бойынша сахна көруі болды. Ақын ауызекі айтылып жүрген аңызды жырға айналдыруы арқылы «Қыз Жібек» туындысы дүниеге келген. «Жүсіпбек академик М.Әуезовпен 1927 жылы кездескенде «жырды Ақшәмшідегі бір жыраудан жазып алғандығын айтқан» [1, 194 б.]. Айта кетерлік, автордың бұл шығармасы бірнеше мәрте жарық көрген. Соңғы нұсқаның өзінде Жүсіпбек қожа дастанды қайта жазып шыққанының себебін былайша түсіндіреді:

«Басында менен жайылды,
Қисса болып бұл Жібек.
Басы-соңына қарасам,
Бәрі шала сөзінің,
Еңіреп жылап жүр жүдеп.
Басында менен шыққанда
Тыңдаған адам жылаған,
Сүйейін мұны бір демеп» [2, 84 б.].

Қиссада кейіпкерлердің мінездері айқындалған, шығарманың соңы да бұрынғы нұсқаларынан ерекше, сонымен қоса ақ өлеңмен тамаша сипатталған қыз бейнелері, көріністер де шығармашылық жас ұжымға дұрыс әрі ұтымды таңдалған нұсқа деп санаймыз. Дастанның өткір де әдеби тілі, тамаша әдеби теңеулер мен әсірелеуді қолдануы актерлерге бейнені терең түсінуіне көмекші іспетті. Дастан Қыз Жібек пен Төлегеннің махаббат жырын баян етеді, драмаға сәйкес кейіпкерлер арасындағы қақтығыстарды да, тіпті қазақ пен қалмақ арасындағы өзара тартыстар да қиссада көрініс тапқан. Жырды шамамен XVI-XVII ғасырға жатқызуға болады. Қалмақ елінің болғандығы, сонымен қоса жырда ислам дінімен қоса, пірлерге табыну элементтері де кездеседі.

Қойылымның режиссері – Дина Құнанбай. Режиссер спектакльді дәстүрлі емес стильде, заманауи интерпретацияда сахналауды мақсат тұтқанын бірден байқаймыз. Пролог 2 жыршының (Айбол Шәкіржанов және Нұржігіт Муслимов) асық ойнауы арқылы дастанды баян етуінен басталады. Шымылдық ашылғаннан сахнада үлкен алтыбақанды көреміз. Спектакльдің суретшісі Айнұр Есболато-

вамен бірігіп жасалған декорацияға режиссер үлкен метафоралық мән береді. Бірде ол Қыз Жібектің қыл үстінде тұрған тағдыры, біресе өмірдің өткінші екенін білдіретін философиялық ой болса, бірде көңіл қосқан екі ғашықтың отауы сынды мағынада қолданылған. Жалпы, спектакль декорациясы минимализмге құрылған, аталмыш алтыбақаннан басқа күбі, жігіттер ұстаған ағаш болмаса, айтарлықтай артық нәрсе сахнада жоқ. Ол актерлердің қимылына, әрекеттеріне бір жағынан өте қолайлы жасалынған.

Спектакль белгілі бір режиссерлік формаға құрылғандықтан, кейіпкерлер кейде дастанды айтып отырған жыршыға да айналып кетеді. «Артық туған» Төлегенді атағанда, алтыбақанды тербету арқылы бас кейіпкерге акцент берілген. Келесі сахнада анасымен қоштасу сәтіндегі Қамқаның (Ажар Шәкіржанова) орамалын тартып, ары-бері жұлқылауы арқылы режиссер өмір бойы ата-анадан жырақ кетіп көрмеген жас Төлегеннің өз-өзімен арпалысуын көрсетеді, ал орамалдан босануы өз ойына ерік беріп, кетуге нақты шешім қабылдағанын білдіреді. Алтыбақан үстіндегі жігіттердің әрекеттері, Қамқа мен қыздардың күбі пісуі уақыттың өткенін көрсетеді.

Спектакльдегі барлық актерлердің костюмдерінің бірдей болуы арқылы режиссер кейіпкерлерді нақты бөлмей, монументалдықтан қашып, жалпы адам ретінде, бас кейіпкерлердің сезімін қарапайым адам басынан өтетін оқиғалар арқылы көрсетуді мақсат еткен. Қыз Жібек пен Төлегеннің де басқаларынан ерекшеленбеуімен кейіпкерлердің жан дүниесін, ішкі психикалық хал-күйін көбінесе би қимылдары арқылы көрсеткен. Қойылымның хореографиясын Алматы қаласы корей театрының хореографы Анна Цой қойды. Оның Дина Құнанбай екеуінің бірігіп жасалған жұмысынан бір-бірін ұғына алған мықты тандемдік жұмысты байқадық. Төлегеннің Қыз Жібекті тағатсыздана іздеп, тапқанша дамыл таппаған күйін көрсететін сахна өте әсерлі қойылған. Әрбір қыздың мерейін өсіріп, алтыбақанда екі жыршының (Айбол Шәкіржанов пен Бағлан Иманғазин) сипаттауымен сәйкес қойылған би қимылдарына үміттеніп күтіп отырған көрерменнен тек «Жібек емес!», - деген сөзден кейін ғана демін тартып, келесі қыз сол шығар деген жанған үміт пен қызығушылықты байқаймыз. Актерлердің ішкі хал-күйін, сол сәттегі сезімін бүгінде би элементтері арқылы көрсетуі құптарлық. Себебі сахнада сөзден гөрі әрекетке көшкен актердің ойыны ұтымдырақ. «Сахна алаңында әрекетке бару керек. Актер өнері мен драма өнерінің тірегі-белсенділік пен әрекет» [3]. Өзер дегенде сұлудың көшіне жеткен сахнада актерлердің костюмдерін Қыз Жібектің (Аида Жанзакова) үстіне іліп, актрисаның алдыға қарап, барлық киімдерді үстінен лақтырып, жүзін көрсеткен эффекті сахнада ғана көрермен бас кейіпкерді бейнелеген актрисамен танысады. Келесі сахнада бикешті Төлегенге жеңгетай болып таныстырған Қаршыға (Әли Жарасұлы), Қыз Жібек (Аида Жанзакова) және Төлегенді (Әли Бидахмет) көреміз. Қай уақытта да екі жастың қосылуына себеп болар адамдардың болғанын, қазақ халқындағы жеңгетайлық жағдайын осы көріністен аңғарамыз. Спектакльде режиссер басқа кейіпкерлерден гөрі нақты Қыз Жібек пен Төлегеннің ғана мінездерін, сезімдерін ашуға акцент жасағаны байқалады.

Қос ғашықтың алғаш кездескен сахнасында Жібек өте паң, бейтаныс жігіттің өжеттігіне қарсы жауап бере алатын, нағыз өз елінің сұлуы екенін аңғартатын мінез көрсетеді. Ал, өз елінде патшамен тең көріп, еш қыздың теріс жауабын алып көрмеген Төлегеннің ашу шақырып, таң қалатынын байқаймыз.

Қаршығаның Төлегенмен әрі Қыз Жібекпен сөйлесіп, екі ғашықты кезіктіретін сахнада алтыбақанда тұрып, екі жақта бас кейіпкерлердің тұруы - ұтымды шешілген мизансцена. Бекежан, Төлеген, Базарбай кездесетін сахнада Қыз Жібектің келіп отырып, алтыбақанда тербетілуі, оның тағдырының шешіліп жатқандығын, қыл үстінде тұрғанны білдіреді. Қыз Жібектің Төлегенмен кездесуге шыққан сахнада алдымен Бекежанның кездесуі арқылы Бекежанның Қыз Жібекке деген сезімін, оған қатысты құрған жоспары барын білдіртеді. Осы сахнада режиссер жарықпен жақсы жұмыс жасаған. Тек Қыз Жібекке түсірілген жарық арқылы, актрисаға құрылған би арқылы сүйіктісіне қамдана шығып, жеткенше асыққан Қыз Жібектің сезімін жеткізуге тырысқан. Жалпы, спектакльде көбінесе хореограф модерн негізіне сүйенген контембери биін қолданып, дастанды заманауи бағытқа жақындатады. Екі ғашықтың көңілдері қосылған сахнаны да би қимылдары арқылы шешкен. Сүйгендердің көңіл қосқан сахнамен қатар ашуға берілген, не істерін білмей, тіпті жер тырмалауға дейін барған, ашынған Бекежанды көреміз. Бұл дегеніміз паралель Бекежанның үмітінің сөнуін, үлкен мақсаты жолындағы Жібектің қолына түсе қоймағандықтан, қиналысқа түсіп, жоспарының күл-талқан болғанын байқаймыз.

Қыз Жібектің түсінде мистикалық сарын байқалады. Шашын жалбырата жіберген қыздардың қорқынышты музыкамен жасаған би қимылдары, күбіні піскенде судың шашылуы қауіптің жақындағанын, пуанты киген Жібектің ары-бері жүруі, жерде жатып, бір орында жүгіруі қорқынышты түстен қаша алмағанын көрсетеді. Түсінен шошып ояна сала Жібектің жеңгесі Дүрияны (Еңілік Айымғазы) Төлегенге жіберген тұсы алда келе жатқан кесірдің жақындағанынан хабар береді. Төлегеннің өз еліне жолға шығарда ғашықтардың бір-біріне деген ынтызар сезімін екеуінің қосылып, жанындағылардың қайта-қайта екеуін бір-бірінен айыруынан байқаймыз. Базарбай ауылындағы сахнадағы әкесі мен ұлының сөзге келіспей, Төлегеннің Базарбайға қарсы шығып, сөз қайтаруынан Төлегеннің өз дегенін істететін, аздап еркелік, қызба мінезді екені байқалады. Дегенмен, осы бір тұста Базарбайдың теріс бата беруінің себебін одан сайын тереңдете көрсеткен жөн болар еді деп санаймыз.

Төлегеннің түс көруінде С.Сейфулиннің «Аққудың айырылуы» поэмасын режиссер ұтымды қолданған деп ұйғаруға болады. Себебі шығармада аққудың сыңарының өлуі оның шын өмірдегі өлімінің жақындағанын білдіреді. Алдағы өлімін көрсе де, «Алланың келсе әмірі, үйде болса өлемін», -деп тағдыры не жазса да қалындығына кетуге шешім қабылдаған Төлегеннің анасымен қоштасар сахнада қатты қиналысқа түсуі, тіпті жылауы әкесінің берген теріс батасының әсері әрі қиын жолға жалғыз шығып бара жатқандығынан екені анық.

Біз білетін «Қыз Жібек» жырында, киносында болсын ғашықтардың негізгі жауы Бекежан деп біліп келдік. Ал, Жүсіпбек қожа Төлегеннің бір ғана емес,

тіпті алпыс жауы болған деп көрсетеді. Яғни, Қособаның көлінде Төлегенді тек Бекежан ғана емес, ол бастап келген Жібектен дәмелі алпыс жігіттің де болғаны айтылады. Тек Төлегенді жеңген, оны өлтірген оқ Бекежанға тиесілі еді. Осынау қорқынышты әрі қатыгез өлімді хореограф төбелес қимылдарымен шешеді. Бекежанға лағынет айтып, бетіне түкіретін сахнадағы актрисалар жыр арқылы Төлегенді мадақтап, артында қалған туғандарының өкінішін жеткізеді. Сол тұстағы Бекежанның Жібек берген белдікпен өзін қамшылауы, өз-өзіне зиян тигізуі, шыңғырып-айқайлауы арқылы режиссер Бекежанның іштей толық сынуын, мақсатына жету жолында бір қыздың кедергі болуын, қызға қолы жетпеуін көтере алмауын көрсеткісі келген.

Төлегеннің өлген жерінде жоғарыдан топырақ шашылып, оның қайта орынынан Сансызбай болып тірілуін көреміз. Бұл сахна арқылы режиссердің адамның топырақтан жаратылып, топыраққа көмілетінін жеткізгісі келген ойын байқаймыз. Дұрыс әрі дәл шешілген шешім деп есептейміз. Ағасының өлімін естіп жоқтап отырған Сансызбай мен арьерсценада тойы өткелі отырған Жібектің жеңгесіне жылап, қиналғанын тіпті ән арқылы беретін сахнада қатар болып жатқан іс-әрекеттерден алда қайын іні мен жеңгесінің кездесер тұсының жақындағанын байқауға болады. Бұл жерде де жеңгетай рөлін, Төлеген басшы болып келеді деп ескерткен Шеге (Ерасыл Ахан) атқарып, екеуінің кездесуіне себепші болады. Сансызбай Жібекті көргенде пышақ алып, өлтіруге ұмтылғанынан ағасының өліміне себепкер жанға деген кек ниетін байқаймыз. Сансызбай әрі Төлеген рөлін бірдей бейнелеген Әли Бидахметте кейіпкер арасындағы айырмашылықты ұстай алды ма? Төлеген – қызба мінезді, от секілді алып-ұшып тұрған, өзіне сенімді, іс-әрекетке бірден кірісіп кететін жігіт болса, Әли кейіптеген Сансызбай – байсалды, әр ісін ойлап барып қана жасай алатын, мінезі жайсаң, ағасын өлтірген қылмыскерлерді жазалау үшін барын салуға тырысқан, қамқор жігіт боп бейнеленді.

Пышақты көрсе де, өлімге де көнген, тіпті соны қалаған жеңгесінің мүшкіл халін көрген Сансызбай оны кешіріп, өзіне жар етеді. Спектакль соңындағы алтыбақанда тербеліп тұрған Қыз Жібек пен Сансызбайды әр кейіпкердің бір-бірлеп қосылып тербетуі, жырға қатысқан барша актерлердің екі жастың қосылуына себепші болған жандарды көреміз. Эпилогта автордың (Айбол Шәкіржанов) сөзімен аяқтауы спектакльдің тұтастығын сақтап, бүтін етуге ықпал етеді.

Елордалық Номад театрының репертуарына енген «Қыз Жібек» лиро-эпосы труппа үшін сәтті сахналанған туынды деп есептейміз. Себебі жырдың тілі, таңдалған актерлік құрам, би сахналарын қойған хореограф, дастанға жаңа серпін беріп, сахналық оқылым сыйлаған режиссердің жұмысы көңіл қуантарлық. Бұл қойылым қазақтың танымал туындыларын жаңа заманауи үлгіде сахналауға болатынын тағы бір дәлелдеді. Қазақ тарихында болған оқиғаны ашып көрсетуден қымсынбауымыз керек деп санаймыз. Оны сахнадан көрсеткеннен, ел абыройына нұқсан келеді деп ойлау қате пікір. Егер көркем түрде шешіліп, дұрыс жеткізілсе, еш ағаттығы жоқ деп ойлаймыз. Классикалық дүние ешқашан өзектілігін жоймақ емес, аталмыш қойылымның шешімі, қойылу стилі-

нің ерекшелігімен құнды болып қалмақ. «Классикалық репертуардың мәңгі таусылмас зәру проблемалары күн тәртібінен ешуақытта түскен емес», - [4, 24 б].

«Қыз Жібек» лиро-эпосында Қыз Жібек пен Төлегеннің сезімдерін тереңнен ұғынуға, олардың бастан кешірген махаббат жырында кездескен кедергілерді жақыннан көруге, кейіпкерлердің ішкі күйін, жан тебіреністерін, сүйіспеншіліктеріне бұрынғыдан тереңірек үңілуге мүмкіндік туады. Екі ғашықтың қосылуына кедергі болған Бекежан ба, әлде Базарбайдың ұлына берген теріс батасы ма, мүмкін мүлде басқа себеп екенін көрермен өз пайымдары бойынша топшылауға ой салады. Тек екі ғашықтың ғана емес, сонымен қоса қойылымда ырымдар, салт-дәстүр, саяси мәселелер де қозғалады. Спектакльдің басты жеңісі – танымалы дастанға жаңа бағыт, жаңа көзқарас сыйлауы деп білеміз. Ел ішінде сахна көруге сұралып тұрған алтын жауһарларымыз көп. Оған тіршілік беріп, өмір сыйлайтын, өзіндік көзқарас пен ой қосатын талантты режиссерлеріміз, кейіпкерлерді кескіндейтін талантты жастарымыз көбейе, қазақ театр өнерінің дамуына өзіндік үлес қосар еді деп түйіндейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1948.-1-т., - 194 б.
2. Бабалар сөзі. Әдебиет және өнер институты - Астана: Фолиант, Ғашықтық жырлар, 2009.– 456 б.
3. www.uniface.kz «К.С.Станиславский этикасының негіздері».
4. Сығай Ә. Толғам // Парасат. – Алматы, 2004. - 392 б.

НОВАЯ ПОСТАНОВКА «ҚЫЗ ЖІБЕК» В ТЕАТРЕ «АСТАНА ОПЕРА»

Тулегенова М.Т.

магистрант 2 курса специальности «Сценография»

Казахский национальный университет искусств

Научный руководитель – Мухтарова Г.С.,

кандидат философских наук, доцент КазНУИ

Казахская опера «Кыз-Жібек» была создана композитором Евгением Брусиловским в 1934 году. Либретто, принадлежит перу величайшего казахского писателя Габита Мусрепова.

Данная опера «Кыз-Жібек» стала первой казахской национальной оперой, написанная по мотивам одноименного казахского лиро-эпоса.

Гениальность Е. Брусиловского, дала рождение в будущем ряду новых опер, основанных на богатом казахском музыкальном наследии и фольклоре, таких как «Жалбыр» (1935 г.), «Ер Таргын» (1936 г.), «Айман Шолпан» (1938 г.), «Алтын астык» (1940 г.), музыки к балету «Козы Корпеш - Баян сулу» (1967 г.) и др.

Е. Брусиловский позже признавался: «Какую бы музыку я ни писал, я писал музыку – казахскую» [1, с. 50].

Премьера оперы «Кыз-Жибек» состоялась 7 ноября 1934 года в Казахском музыкальном театре г. Алматы. Этот театр был открыт 13 января 1934 года на базе музыкальной студии, основанной за год до этого.

Эта первая национальная опера была показана во время первой декады казахского искусства в Москве в 1936 году. 10 мая на сцене филиала Большого театра артисты казахской оперы представили «Кыз-Жибек». Восторженные отклики появились в газете «Правда» и многочисленных публикациях по всему Советскому Союзу. Московские газеты писали: «Это настоящая музыкальная поэма, по праву одна из высочайших примеров поэзии этого жанра. Его автором и композитором является сам казахский народ. Она была составлена древними предками - певцами, чьи имена давно утрачены и живут только в сказках и легендах, вы быстро привыкаете к необычному способу пения с открытым звуком, без вокальных уловок... Для многих было радостным сюрпризом встретить такой талантливый, спетый и очень музыкальный коллектив.

Партию Кыз - Жибек исполнила одна из первых казахских оперных певиц - Куляш Байсеитова, эта роль принесла ей ошеломительный успех и славу.

Критики отдельно отметили выступление партии «Жибек» Куляш Байсеитовой: «У исполнительницы К. Байсеитовой есть талант огромной, все-поглощающей силы. Сценическая пьеса К. Байсеитовой и ее пение настолько выразительны, что зрители положительно забыли об их незнании казахского языка. Неудивительно, что после таких рецензий К. Байсеитова в сентябре того же 1936 года, одной из первых была удостоена звания народной артистки СССР» [2].

Именно, после успеха оперы «Кыз-Жибек», и гастролей с этой постановкой в г. Ленинграде 17 января 1937 года, данный театр был переименован в Казахский Государственный Академический театр оперы и балета (ныне ГАТОБ им. Абая).

После гастролей оперы в 1937 году в г. Ленинграде в печати положительно оценивалось оформление оперы, как красочное, жизнерадостное, носящее ярко выраженный национальный характер. Писатель А. Толстой, присутствовавший на спектакле в качестве зрителя, напишет, как казахский театр превзошел Европу своей энергией: «Передо мной театр и нечто большее, чем театр. Глаза открыты, с благодарностью и энтузиазмом ... Здесь есть красота, здесь сила и молодость убеждения» [3].

В подготовке первой постановки «Кыз-Жибек» участвовали дирижер Ф. Кузьмич, режиссер Ж. Шанин, К. Байсеитов, художник А. Ненашев, балетмейстер А. Александров.

Партию Кыз-Жибек в разные годы исполняли признанные оперные солисты казахской сцены: Бибигуль Тулегенова, Роза Жаманова, Майра Мухамедкызы, Нуржамал Усенбаева, Жаннат Бактай и др.

В 1945 году опера «Кыз-Жибек» была поставлена снова. В связи с поправками, внесенными в либретто, художник – постановщик А. Ненашев ввел

изменения в декорации и сделал около 300 новых эскизов костюмов, добившись театральной выразительности.

Премьера новой постановки «Кыз-Жибек» в театре оперы и балета «Астана опера» в столице Казахстана состоялась 10 февраля 2017 года.

Либретто Мусрепова не должно было претерпеть кардинальных изменений, но интерпретация должна была быть соответствующей духу времени, с момента написания либретто прошло более 80 лет.

Сюжет лиро-эпоса «Кыз - Жибек» посвящен истории любви отважного воина Толегена и прекрасной Жибек. Любви героев препятствует вражда двух разных родов - Жагалбайлы и Шекты, ревность Бекежана, что приводит к трагическому концу событий.

Музыка Е. Брусиловского в новой постановке театра оперы и балета «Астана опера» принципиально не изменилась, но впервые в истории отечественного классического искусства вместе с Симфоническим оркестром, в опере были задействованы казахские народные музыкальные инструменты.

Благодаря чему, зритель смог услышит звуки домбры, кыл-қобыза, шан-кобыза, жетыгена и керней, которые звучали временами сольно. Также эффект постановке придают громкие ударные инструменты.

Исполнители на домбре, хорошо дополняют озорные танцы джигитов с луками и стрелами. Сцена траура Толегена под звуки кыл-кобыза стала подлинной и трогательной. Тонкая символика раскрылась благодаря кыл-кобызу, который является сакральным инструментом в казахской музыкальной культуре и воспринимается, как проводник в потусторонний мир.

«В новом музыкальном издании, дирижер А. Мухитдинов заменил разговорные диалоги речитативной музыкой, а также добавил несколько эпизодов, используя, как Е. Брусиловский, казахскую музыку из знаменитых песен и кюев» [4]. Также дирижер впервые представил в постановке детский хор.

Изначально в опере, помимо музыкальных цитат из известных казахских песен, представление состояло из диалогов, которые оперные певцы произносили со сцены, как драматическое представление. Поэтому первоначальная версия оперы 1934 года была ближе к музыкально-драматическому жанру, чем к опере.

В новой трактовке оперы, поставленной в театре оперы и балета «Астана опера» были внедрены несколько музыкальных номеров, которые не использовались в ранее известных постановках этого спектакля.

В новой интерпретации опера становится более динамичной. Замена диалогов на музыкальные речитативы дала возможность солистам доносить эмоции до слушателя способами музыкального выражения.

«Опера, в которой ритм и интонация казахского языка записаны в музыкальной форме, может быть исполнена любым профессиональным певцом, даже не носителем языка.

Партитура оперы претерпела значительные изменения - ошибки ручной переписки были исправлены безоговорочно, оркестровка стала богаче. Парти-

тура с фортепиано была обновлена, и теперь опера отвечает всем традициям оперного жанра» - заключает дирижер, заслуженный деятель Республики Казахстан А. Мухитдинов [5].

Режиссер – постановщик из Беларуси Михаил Панджавидзе поставил себе цель удивить публику. Он внес изменения в оперу, которые коснулись, как драматургии, так и сценографии.

Благодаря интерпретации образов, они стали более насыщенными с точки зрения психологизма. Например, образ главной героини трактуется посредством смены сезонов года.

Даже сцена смерти главной героини Жибек рассматривается не как физический уход из жизни, а передается сменой времен года - началом зимы – увядания и началом нового года – вечным обновлением. Символизм, воплощенный в идее реинкарнации Кыз-Жибек, вызвал у публики слезы и восторг. Образ Кыз-Жибек предстает, как неземное существо.

В новой постановке «Кыз-Жибек» появилась новая сцена - проклятия Бекежана пожилыми женщинами, что является худшим наказанием для казахов.

Зловещий истерический смех убийцы в ответ звучит, как предвестник его неминуемой смерти, которую зритель больше не увидит. Эта сцена произвела сенсацию, и любой боевик позавидовал бы такому психологическому эффекту.

Для раскрытия внутреннего мира героев были использованы выразительные художественные формы жанра ритуальных песен казахского народа, как жар-жар, сынсу, жоктау, айтыс – поэтических состязаний. В оригинальной партитуре Е.Брусиловского тоже использовались мелодии импровизаций акынов, народных обрядов, танцев, игр и др.

История созвучная бессмертному шедевр У. Шекспира «Ромео и Джульетта» прониклась колоритом и ароматом степей, в этом большая заслуга режиссера-постановщика М. Панджавидзе и дирижера А. Мухитдинова.

Дополнительные пять минут музыки знакомят слушателя с исторической атмосферой оперы. Во время таких пауз на сцене разворачивается жизнь казахского кочевья.

Постановка удивляет зрелищным сценографией, яркими костюмами. Художественно-постановочной работой занимались художники-постановщики – Софья Тасмагамбетова и Павел Драгунов. Также в спектакле над созданием эффектов по проекциям и свету работали художники из России – Павел Суворов и Сергей Шевченко.

Эффекты были ошеломляющими, сцена кочевых казахов в снежной степи заслужила первую овацию публики.

При просмотре сцен с метелью, штормом, снегом, караваном верблюдов задаешься вопросом является ли настоящим, или это - результат трехмерных технических инноваций? Так, например, караван кочевников, не только движется по сцене, с живыми лошадьми и верблюдами, но также, благодаря современным цифровым технологиям движется в пространственно-временных планах.

Облака, плавающие в небе, меняют форму, цвет, свет и скорость также, как переменчивое психологическое настроение персонажей.

Самым захватывающим зрелищем стало появление ремесленников на сцене. Откроются двухсторонние планы, и зрителю развернутся потрясающие красивые виды города.

Город мастеров выполнен на высоком художественном уровне, особенно с точки зрения передачи экстерьеров наружных стен и интерьера здания. Публика увидит большие ворота, жители города, будут постоянно в движении, например, можно увидеть кузнецов, занимающихся ковкой железа.

Степь будет представлена в разных интерпретациях: снежная и цветущая маками. Развитие технологий видеопроекций и их применение, в совокупности к крупномасштабным декорациям, придает постановке зрелищный характер.

Специально для удобства верблюдов и лошадей подготовлен не скользкий пол. Впервые на сцене можно увидеть перекати-поле. Травянистое растение катится по всей сцене, для этого используется специальный механизм.

Для постановки было вышито рекордное количество костюмов: 350 комплектов.

Для главной героини были созданы два костюма. Психологическое состояние Жибек отражается в цветовой гамме ее нарядов, а также в вышитых орнаментах. Например, геометрические орнаменты на чапане, говорят о ее волевом характере, а мягкий декоративный орнамент на платье под жилетом, указывает на нежную и уязвимую душу девушки.

Завершено украшение камнями и жемчугом. Свадебный наряд невесты является самым важным. Этот костюм обычно изображается в белом или красном цвете. В спектакле, было принято решение, сделать его жемчужным, этот оттенок символизирует несбывшиеся надежды героини.

Это, один из самых современных костюмов, в этом спектакле. Кружевная юбка расшита камнями и бисером, жилет с необычным орнаментом в центре, расшит серебром.

Многочисленные символы казахского народа (алые цветы в степях, тайказан, лебеди, шашу, игра в жамбы ату и т. д.) обогатили оперу национальным колоритом. Чтобы обогатить действие были составлены музыкальные «картины», которые, благодаря визуальным эффектам, декорациям, танцам и сценическому движению развивают сюжет.

Новизна постановки Кыз-Жибек заключена в подготовке новой инструментовке партитуры оперы, композиторская редакция привнесла изменения к звуко-высотному, ритмическому и фактурному ряду композиции номеров и разделов.

